

	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 1-бет
---	--------------------------------------	--	--------------------

БЕКІТІЛДІ
«Виктория» СК» АҚ Директорлар кеңесі
2025 жылдың «13» наурыз №07 Хаттама

«ВИКТОРИЯ» СК» АҚ СУ КӨЛІГІН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ЕРЕЖЕСІ

Алматы қ, 2025 жыл

Мазмұны

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ.....	5
3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.....	6
4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ.....	7
5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ.....	8
6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ	9
7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ.....	12
8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ	13
9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ.....	16
10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ	18
11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ.....	19
12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ	20
13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ.....	22
14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ.....	24
15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ	24
16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ.....	25
17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР.....	25

	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 3-бет
---	--------------------------------------	--	--------------------

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, 2000 жылғы 18-желтоқсандағы №126-II «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді және ерікті сақтандыру саласында туындайтын құқықтық қатынастарды реттейді, оны жүргізудің экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

1.2. «Виктория» Сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандырушы) осы Ереженің шарттарымен, заңды тұлғалармен (меншік нысанына қарамастан) немесе қабілетті жеке тұлғалармен (азаматтығына қарамастан) (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтанушы) Су көлігін ерікті сақтандыру шарттарын (бұдан әрі мәтін бойынша – Сақтандыру шарты) жасау арқылы су көлігін ерікті сақтандыруды жүзеге асырады.

1.3. Осы Ережеде қолданылатын негізгі түсініктер:

1) Сақтандыру ережелері – Сақтандырушының сақтандырудың осы түрі (сыныбы) бойынша сақтандыруды жүзеге асыру шарттарын айқындайтын құжат;

2) Сақтандыру шарты – Сақтандыру ережесімен белгіленетін шарттармен Сақтандырушы мен Сақтанушы арасында жасалған Шарт, сол Шартқа сәйкес Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын төлеуге міндеттенеді, ал Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасының көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндеттенеді;

3) сақтандыру полисі – Сақтандырушы біржақты тәртіпте әзірлеген және Сақтандырушы Сақтанушыға беретін үлгілік шарттарға (сақтандыру ережесі) Сақтанушы қосу туралы құжат (қосу келісімшарты);

4) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын дәлірек айтқанда сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушыға немесе соның пайдасына Сақтандыру шарты жасалған басқа тұлғаға (Пайда алушыға) Сақтандыру шартында белгіленген сома (сақтандыру сомасы) көлемінде сақтандыру төлемін төлеуге міндетті тұлға. Сақтандырушы – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығы туралы лицензиясы бар заңды тұлға болуы тиіс;

5) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасаған тұлға;

6) Сақтандырылушы –соған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

7) Пайда алушы – Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

8) тәуелсіз сарапшы – (интеллектуалдық меншік объектілерін, материалдық емес активтерді қоспағанда) мүлікті бағалау бойынша бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау бойынша уәкілетті мемлекеттік органдар белгілеген тәртіпке сәйкес сол орган тіркеуге алған жеке немесе заңды тұлға;

9) Сақтанушының өтініші – Сақтанушының жазбаша рәсімделген құжаты, онда сақтандыру объекті және тәуекел сипаты, басқа да шарттармен қатар белгіленген сақтандыру объектінің орналасқан жері, құны, күй-жайы, сақтау немесе пайдалану тәртібі, техникалық дайындығы, сондай-ақ сапалық сипаттамалары туралы мәліметтер қамтылады;

10) сақтандыру сомасы – сақтандыру объекті сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы;

11) франшиза – сақтандыру шартымен қарастырылған Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден азат ету жағдайы. Франшиза шартты (азайтылатын) және шартсыз (азайтылмайтын) болып келеді. Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден азат етіледі, бірақ залалды толығымен өтеуі тиіс, егер оның мөлшері ол сомадан көп болса. Шартсыз франшиза кезінде залал белгіленген соманы шегере отырып, барлық жағдайда өтеледі;

12) сақтандыру сыйлықақысы – Сақтандырушы сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру сомасын төлеу міндеттемесін өзіне алғаны үшін Сақтанушы төлеуге міндетті ақша сомасы;

13) сақтандыру жағдайы – Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру жағдайының ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар оқиға, сол оқиғаның басталуынан сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеу міндеті туындайды;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 4-бет
--	--------------------------------------	--	--------------------

- 14) сақтандыру төлемі – Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру төлемінің көлемінде Сақтанушыға (Пайда алушыға) төлейтін ақша сомасы;
 - 15) нақты құны – тараптардың келісімімен тозуын есепке ала отырып белгіленген сақтандыру объектісінің құны;
 - 16) нарықтық құн – сақтандыру объектісін сатып алу бойынша белгіленген құн, оған: тағайындалған бекетке тасымалдауға, кедендік тазалауға және сақтандыруға жұмсалған шығыстарды қоса;
 - 17) су көлігі құралы (кеме) – өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін құрылыс, үстіне салынған жайлармен және рубкалармен, кеме жайлары (оған өңделімді, оқшаулауды, желілеуді қоса), қондырғылар мен жүйелер, механизмдер, қазандықтар, дизель-генераторлар және кеменің басқа да жабдықтары мен құрал-саймандары, оның ішінде құтқару қайықтары мен салдар. Кеме Қазақстан Республикасының кемелер регистрлерінің біріне (Қазақстан Республикасының мемлекеттік кемелер реестрі, кеме кітабы, құрылып жатқан кемелер реестрі, бербоут-чартер реестрі) немесе кез келген өзге мемлекеттің реестріне тіркелуі тиіс;
 - 18) қосымша жабдық – су көлігі құралының стандартты зауыт топтамасына кірмейтін жабдық;
 - 19) су көлігінің иесі – меншік құқығында, шаруашылық жүргізу құқығында немесе оперативті басқару құқығында немесе кез келген басқа заңды негізде (Мүліктік жалдау келісімшарты, көлік құралын беру туралы құзырлы органның өкімінің негізінде көлік құралын басқаруға сенімхат) көлік құралына иелік ететін жеке немесе заңды тұлға;
 - 20) толық нақты апат болу – сақтандырылған кемені техникалық тұрғыдан қалпына келтіру мүмкін емес жоғалуы, апат болуы немесе жойылуы;
 - 21) толық конструктивтік апат болу – кеменің нақты ішінара зақымдануы немесе толығымен апат болуы. Оны сақтандыру жағдайынан бұрынғы күйге қалпына келтіру бойынша шығындар Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан асып кетеді;
 - 22) жалпы апат – халықаралық теңіз құқығының нормасы (Қазақстан Республикасында «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Заңымен реттеледі). Туындаған залалдар теңіз кәсіпорынның барлық қатысушыларының: кеме, жүк және фрахт арасында бөлінгендіктен – «жалпы» деп аталады. Жалпы апатқа қатысты залалдарды анықтау кезінде сақтандырылған кемеге ғана келтірілген залалдар есепке алынады;
 - 23) жалпы құтқару шараларын қолдану кезіндегі залалдар – өртті өшіру, жүкті лақтыруға арналған люктер немесе сол үшін жасалған бас ойықтар арқылы трюмдерге су өту, кемені әдейі жағаға шығару, адамдарды (экипажды, жолаушыларды) және мүлікті, тасымалдауға қатысушыларды құтқару мақсатында басқа да әрекеттердің нәтижесінде туындаған залалдар;
 - 24) жеке апат – теңіз дауылы кезінде, «жалпы апат» түсінігіне кірмейтін апатқа ұшыраған кеме иесіне ғана келген залалдар. Жеке апат бойынша залалдар – сол залалдар келген адамға немесе залал келгені үшін жауапкершілік жүктелетін адамға қатысты қолданылады;
 - 25) теңіз көлігіндегі апат – теңізде жүзетін кемедегі апат жағдайы, соның нәтижесінде теңізде жүзу мүмкіндігін жоғалтуға немесе жүктердің бұзылуына себеп болған кемеге зақым келген апат, сондай-ақ адам шығынына әкелген кез келген апат жағдайы (теңіз апаты);
 - 26) диспаша - жалпы апат бойынша шығындарды кеме, жүк және фрахт арасында бөлу бойынша диспашер әзірлеген арнайы есеп. Диспаша әзірлеу орны мен тәртібі коносаментте көрсетіледі;
 - 27) диспашер – жалпы апаттың болғанын анықтайтын және сол апатқа байланысты залалдарды бөлу бойынша есеп (диспаша) әзірлейтін лауазымды тұлға;
 - 28) теңізбен жүк тасымалдау үшін төлем. Осы Ережеге сәйкес фрахт сақтандырумен өтелмейді;
 - 29) екі жақты (көп жақты) сақтандыру – әр Сақтандырушымен жасалған дербес Сақтандыру шарттары бойынша бірнеше Сақтандырушыда бір объектіні сақтандыру;
 - 30) айлақ – көлік құралының қауіпсіз кіруі үшін қондырғысы бар және көлік құралының қауіпсіз түрде тұруына арналған гидротехникалық құрылыс;
 - 31) такелаж - жүк көтеру жұмыстарына, жалаулар мен сигналдарды көтеруге және түсіруге арналған кеме құрал-саймандардың жиынтығы;
 - 32) рейс – белгілі бір уақыт аралығында географиялық бекеттер мен аудандар арасында жолаушыларды немесе жүктерді тасымалдау барысы.
- 1.4. Сақтанушының осы Ережеде және Сақтандыру шартында көрсетілген міндеттері әрі Сақтандырылушыға да, әрі Пайда алушыға да теңдей шамада қолданылады. Сақтандырылушының

	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 5-бет
---	--------------------------------------	--	--------------------

немесе Пайда алушының сол міндеттерді орындамауы – ол міндеттерді Сақтанушы орындамаған кездегідей салдарға әкеп соқтырады.

1.5. Сақтандыру шартындағы (сақтандыру полисіндегі) Сақтанушының немесе оның өкілінің қолы – оның осы Ережемен толығымен келіскенін растайды.

2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ

2.1. Сақтанушының (Пайда алушының) су көлігіне иелік етуге, билік жүргізуге және оны пайдалануға байланысты, су көлігінің, оның ішінде моторының, такелажының, ішкі өңделімінің, жабдығының және т.б. зақымдануының немесе жойылуының (ұрлап айдап әкетуді, ұрлаудың) салдарынан мүліктік мүддесі – Сақтандыру объектісі болып табылады.

2.2. Келесілер сақтандыруға қабылданады:

2.2.1. Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізілген, олардың тағайындалуына, жүзе ауданына, құрылыс материалына, қозғалтқыш түріне (қозғалтқыштың: желкенді, бұранда және т.б.) және топтарға бөлінетін су көлігі құралдары (кемелер):

1) *тағайындалуы бойынша* – әскери (әдетте сақтандыруға қабылданбайды), көлік (сауда), кәсіптік, қызметтік-қосалқы, техникалық флот кемелері, арнайы (баржалар), спорттық және қыдыруға арналған (катерлер, яхталар және т.с.с.).

Көлік (сауда) кемелері, тасымалданатын жүктердің сипатына қарай, келесідей түрлерге бөлінеді:

а) жолаушылар және жүк-жолаушы тасымалдайтын кемесі (12-ден астам жабдықталған жолаушылар орындығы бар және жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған);

б) құрғақ жүк таситын, басты жүктерді, үйінді және қапталған және қапталмаған жүктерді тасымалдауға арналған су көлігі (рефрижераторлар, ағаш таситын, астық таситын, контейнер таситын, пакет таситын т.с.с.), сонымен қатар мамандандырылған: балкерлер, ро-ро, лихтер таситын, құйылмалы, құйылған сұйық жүктерді тасымалдауға арналған су көлігі (танкерлер және т.с.с.).

Сонымен қатар, белгілі бір порттардың арасында жүйелі рейс жасайтын желілік және жүктің болуына қарай кез келген бағытта коммерциялық рейс жасайтын трампытық болып бөлінеді.

Кәсіптік теңіз кәсібі (балық аулау, кит, теңіз шаянын және т.б. аулау) үшін қызмет етеді және балық аулайтын (траулер, сейнер, бот, тунец аулайтын, теңіз шаянын аулайтын, кит аулайтын және жануар аулайтын) және олжаны тікелей теңізде өңдейтін жүзбелі базалар мен зауыттар.

Көліктік және кәсіптік кемелердің жұмысын қамтамасыз ететін қызметтік-қосалқы кемелерге мұзжарғыштар, буксирлер, үлестіруші, лоцмандық, өткелдік, құтқарушы, өрт сөндіруші және т.б. кемелер жатады.

Техникалық флотқа балшық сорғыш кемелер, жүзбелі доктар, крандар және т.б. жатады.

2) *жүзу аудандары бойынша* - мұхит, теңіз, жағалауға жақын жүзетін, өзен су көліктері;

3) *корпусының материалы бойынша* - ағаш, болат, темірбетон, композиттік;

4) *қозғаушының түрі бойынша* - желкенді, дөңгелекті, бұрандалы;

5) *қозғалтқышының түрі бойынша* - бумен, жылумен, электрмен, атоммен, желмен қозғалатын.

2.2.2. Теңіз (өзен) кемелеріне орнатылған машиналар (моторлар), навигациялық және басқа жабдықтар, кеме қондырғылары, керек-жарақтар (такелаж), кемеге орнатылған және/немесе кемеді тасымалданып жатқан қосымша арнайы жабдықтар (керек-жарақтар), сондай-ақ қосалқы бөлшектер, ішкі өңделім.

2.3. Сақтанушыға иелік ету, пайдалану, билік жүргізу құқығында тиесілі болған, Мемлекеттік кеме тізіліміне енгізілген кеме – сақтандыру мәні болып табылады.

2.4. Сақтандыру шарты Сақтанушыдан басқа, заңның, басқа құқықтық актінің немесе Сақтандыру шартының негізінде кемінің сақталуына мүдделі тұлғаның (Пайда алушының) атына да жасалуы мүмкін. Пайда алушы Сақтандыру шартында (сақтандыру полисінде) көрсетіледі.

2.5. Сақтанушы Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінің ішінде Сақтандыру шартында (полисте) көрсетілген Пайда алушыны басқа тұлғамен ауыстыруға құқылы. Сақтанушы Пайда алушыны ауыстыру туралы Сақтандырушыға жазбаша хабарлайды. Пайда алушы сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін немесе Пайда алушы Сақтандыру шарты бойынша қандай да бір міндеттерінің бірін орындап қойғаннан кейін немесе Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қойғаннан кейін басқа тұлғамен ауыстырылмайды.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 6-бет
--	--------------------------------------	--	--------------------

2.6. Сақтанушы мен Пайда алушы сақтандырылған кеменің сақталуына мүдделі болулары тиіс. Сақтанушының және/немесе Пайда алушының сақтандырылған кемені сақтауға мүддесі болмаған кезде жасалған Сақтандыру шарты жарамсыз деп саналады.

2.7. Сақтандыру қорғанысы жүк тасымалдауға, тасымалданып жатқан жүктің сақталуына, фрахтқа, азаматтық-құқықтық жауапкершілікке және т.б. байланысты жағдайларға қолданылмайды.

2.8. Қазақстан Республикасының аумағына қолданыстағы кеден нормалары мен ережелерін бұзып кіргізілген немесе Қазақстан Республикасының және Интерполдың құзырлы органдарының ақпараттық қорларында бұрын ұрланған деп есепте тұратын кемелер сақтандырылмайды. Аталған норманы бұзып жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушыға ешқандай міндеттеме. Оның ішінде сақтандыру төлемін төлеу бойынша міндеттеме жүктелмейді.

2.9. Техникалық тұрғыдан жарамсыз, жинақтамасы бұзылған, көне кемелер сақтандыруға қабылданбайды.

2.10. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, келесілері де сақтандыруға қабылданбайды:

- 1) бітімгерлік миссияларында, сынақ шараларында пайдаланылатын кемелер;
- 2) Сақтанушының немесе Сақтандырылушының ақшалары, маркалары, билеттері, құжаттары мен бағалы қағаздары, киім-кешектері мен жеке бұйымдары, құнды заттар, бейне немесе фотокамералар, радиоқабылдағыштар, магнитофондар, компакт-дискілерді ойнатушылар немесе бейнемагнитофондар, телевизия қондырғылары, аудио немесе бейнекассеталар, стационарлық және тасымалды байланыс құралдары, оның ішінде кеменің ішінде немесе кемеді болған радиотелефондар, мобильді және ұялы байланыс құралдары;
- 3) Сақтанушының кәсіби немесе коммерциялық қызметіне байланысты, кемеді тасымалданып жатқан тауарлар немесе бұйымдар, сондай-ақ кеменің зауыт топтамасына кірмейтін кез келген керек-жарақтар мен аксессуарлар, тауарлық құнын жоғалту, моральдық зиян.

2.11. Осы Ереженің 2.10. тармағында көрсетілген мүлік пен заттар жекелеген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыруға қабылдануы мүмкін.

2.12. Сақтанушының құқыққа қарсы кез келген мүдделері сақтандырылмайды.

3. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ. ФРАНШИЗА.

3.1. Сақтандыру сомасының мөлшері Тараптардың келісімімен Сақтандыру шартында белгіленеді, бірақ Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі кеменің шынайы құнынан аспауы тиіс.

3.2. Кеме толық құнына немесе сол құнның белгілі бір пайызына, сондай-ақ Сақтандыру шартында белгіленген, Сақтандырушының жауапкершілігінің шекті лимиті болып табылатын шекті сомаға сақтандырылуы мүмкін.

3.3. Кеменің толық сомасына сақтандырылған кезде сақтандыруға келесілер бойынша қабылданады:

- 1) аталған көлік құралы сол мекемеге тиесілі кәсіпорынның бухгалтерлік есебінің деректеріне сәйкес баланстық құны бойынша (тозуын есепке ала отырып);
- 2) жүкқұжат шығындарын есепке ала отырып, сатып алу бағасы бойынша;
- 3) Сақтандыру шартын жасау сәтіндегі кеменің орташа нарықтық құны бойынша.

3.4. Жалға (прокатқа) алынған кемелер бойынша сақтандыру сомасы көлік құралын жалға (прокатқа) берген тұлғаның алдында Сақтанушыға жүктелген жауапкершілік мөлшерінен аспауы тиіс, бірақ кеменің шынайы құнынан аспайды.

3.5. Кеменің машиналары (моторлары), жабдықтары, механизмдері және қондырғылары, керек-жарақтары, оның ішінде қосымша жабдықтар мен қосалқы бөлшектер үшін сақтандыру сомасы аталған сақтандыру объектілерінің шынайы (сақтандыру) құны туралы куәландыратын бухгалтерлік және басқа құжаттардың негізінде олардың баланстық құнына қарай айқындалады.

3.6. Сақтандыру шартын кемелер тобына (флот, флотилия, керуен және т.с.с) қатысты жасаған жағдайда сақтандыру сомалары әр кеме бойынша жеке-жеке белгіленеді.

3.7. Егер кеме сақтандыру құнының бөлігінде сақтандырылса, барлық Сақтандыру шарттары бойынша жалпы сақтандыру сомасы кеменің шынайы құнынан аспаған жағдайда, Сақтанушы басқа Сақтандырушыда қосымша сақтандыруды жүзеге асыруға құқылы.

3.8. Егер Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасы сақтандыру құнынан асып кетсе, онда Сақтандыру шарты сақтандыру құнынан асатын сақтандыру сомасының бөлігінде жарамсыз деп саналады.

3.9. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандыру шартын жасау сәтінде сақтандыру сомасы көлік құралының шынайы құнынан төмен мөлшерде белгіленген болса, Сақтандырушы сақтандыру жағдайы басталған кезде шынайы құнға шаққандағы сақтандыру сомасына тең нақты залалдың бөлігі мөлшерінде сақтандыру төлемін төлейді.

3.10. Әрқандай жағдайда да Сақтандырушының жауапкершілігінің көлемі сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайды.

3.11. Сақтандыру шарты бойынша франшиза қарастырылады, оның түрі мен мөлшері Тараптардың келісімімен анықталады және не сақтандыру сомасының пайызымен, не болмаса, абсолютті мөлшерде белгіленеді.

3.12. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, төменде көрсетілгендер өтеуге жатпайды:

1) кеменің машиналарының, қазандықтарының және жабдықтарының зақымдарын жою бойынша шығыстардың 10,0 %-ы;

2) Сақтандыру шартына сәйкес Сақтандырушыға жауапкершілік жүктелетін мұзбен жанасудың нәтижесінде алған зақымдарды түзету бойынша шығыстардың 25,0 %-ы. Барлық басқа жағдайларда залалдың өтелмеген бөлігінің мөлшері Сақтандыру шартын жасау сәтінде келісіледі.

3.13. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру кезінде Сақтандыру шарты, франшиза туралы шартты қолдануды есепке ала отырып, Сақтандыру шартын жасау кезінде белгіленген сақтандыру сомасы мен төленген сақтандыру сомасының арасындағы айырмашылыққа тең сақтандыру сомасында қолданысын жалғастырады.

4. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫН БЕЛГІЛЕУ ТӘРТІБІ

4.1. Сақтандыру шарты бойынша төлеу тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру объектісінің техникалық күй-жайын, сақтандыру тәуекелдерін, сақтандыру сомасының кеме құнына қатынасын, кемені пайдалану шарттары мен ерекшеліктерін, сақтандыру мерзімін, сондай-ақ сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығына және ықтимал залалдың шамасына ықпал ететін басқа да факторларды есепке ала отырып, сақтандыру сомасынан ұсталатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесін айқындайтын сақтандыру тарифтеріне сәйкес есептеледі Сақтандыру сыйлықақылары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен төленеді. Ерекше жағдайларда сақтандыру сыйлықақысын төлеу операция жасалатын күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің бағамы бойынша басқа елдердің валюталарымен жүзеге асырылуы мүмкін.

4.2. Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын біржолғы төлеммен немесе мерзімдік сақтандыру жарналары түрінде бөліп, қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәртіпте төлейді.

4.3. Сақтандырушы төленуі тиіс сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін анықтау кезінде тәуекел – шығарылған жылы, кемені пайдалану режимі, жүзу аумағы және т.с.с. шарттарына әсер ететін факторларына қарай айқындалатын базалық сақтандыру тарифтеріне шаққандағы арттырылатын және төмендетілетін коэффициенттер пайдаланылады

4.4. Егер сақтандыру жағдайы төлеу күні өтіп кеткен сақтандыру жарнасын төлегенге дейін (сақтандыру сыйлықақысын бөліп төлеген кезде) басталған болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау кезінде төленбеген сақтандыру жарнасының сомасын шегеріп қалуға құқылы.

4.5. Сақтандыру шарты он екі айдан аз мерзімге жасалуы мүмкін, бұл ретте сақтандыру сыйлықақыларының келесідей мөлшерлері белгіленеді:

Сақтандыру мерзімі	Сақтандыру сыйлықақысының мөлшері жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен
толық 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0

3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0
9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

4.6. Сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) Сақтандыру шартында белгіленген мерзімдерде төлемеу Сақтандыру шартын тоқтатуға әкеледі және ол бойынша ешқандай сақтандыру төлемдері төленбейді.

4.7. Егер кеме сақтандыру мерзімінің ішінде 30 (отыз) және одан көп ретті күндер ішінде (портқа кіру және рейске шығу күндері бір күн ретінде саналды) қауіпсіз портта тұрған болса, сол кезеңде кемеге жөндеу жұмыстары жүргізілмеген және кемеді жүк болмаған жағдайда, Сақтанушы кеменің қауіпсіз портта тұрған әр 30 (отыз) және одан көп реттік күндер үшін сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтаруды талап етуге құқылы. Сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтаруды талап ету құқығының негіздеу үшін Сақтанушы ең аз мерзім ішінде (5 күнтізбелік күн ішінде) Сақтандырушыға қауіпсіз портқа ұзақ тұру үшін кіргені және одан шыққаны туралы хабарлауға міндетті, сондай-ақ сақтандыру мерзімі аяқталған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Сақтандырушыға кеменің қауіпсіз портта тұрған орнын, себебін және мерзімін растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

4.8. Сақтандыру сыйлықақылары төмендегідей жағдайларда қайтарылмайды:

- 1) егер Сақтанушы Сақтандырушыға кеменің қауіпсіз портта тұрғаны туралы осы Ережеде қарастырылған мерзімнен кеш хабарлаған болса;
- 2) егер кеме қауіпсіз портта тұрған мерзім 30 (отыз) күннен аз болса;
- 3) Сақтандыру шарты «Бұзылғаны үшін жауапкершілікпен» шарты бойынша жасалған жағдайларды қоспағанда, Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде кеме толығымен опат болған жағдайда;
- 4) егер сақтандыру кезеңінде осы Ережеге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша өтелуі тиіс залалдар келген болса.

5. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

5.1. Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде және келісілген сақтандыру аумағының көлемінде орын алған, сақтандырылған кеменің және/немесе қосымша жабдықтың жоғалуына (опат болуына) немесе зақымдануына әкелген оқиға – осы Ережеге сәйкес жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп саналады.

5.2. Сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылатын оқиғада – оқиғаның басталу ықтималдығы мен кездейсоқтық белгілері болуы тиіс.

5.3. егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, су көлігінің төменде көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде опат болуы (жоғалуы) немесе зақымдануы – сақтандыру жағдайы деп танылады:

- 1) төменде көрсетілгендердің салдарынан суда орын алған (инцидент):
 - а) қолайсыз ауа райы жағдайы – дауыл, сұрапыл жел, теңіз дауылы;
 - б) басқа кемемен соқтығысу;
 - в) жүзбелі немесе қозғалыссыз объектілермен жанасу;
 - г) касания грунта или посадкой на мель судың түбімен түйісу немесе қайырға соғу.
- 2) өрт, жарылыс;
- 3) жер үстіндегі көлік құралдарымен, жабдықтармен немесе айлақ немесе док ғимараттарымен соқтығысу;
- 4) жер сілкінісі, жанартаудың атқылауы немесе найзағай соғу;
- 5) жүкті тиеу, түсіру немесе жылжыту кезіндегі оқиға;
- 6) отын тиеу немесе түсіру кезінде;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 9-бет
--	--------------------------------------	--	--------------------

- 7) қазандықтардың жарылысы, біліктердің сынуы немесе машиналардың немесе кеме корпусының жасырын ақаулары;
 - 8) әуе көлігі құралдарымен (ұшақтармен, тікұшақтармен және т.с.с), солардың сынықтарымен соқтығысу;
 - 9) ұрлық, ұрлап айдат әкету, тонау, қарақшылық, теңіз қарақшылығы және үшінші тұлғалардың құқыққа қарсы әрекеттері;
 - 10) су көлігінің хабар-ошарсыз жоғалуы.
- 5.4. Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға жүктеледі.

6. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНАН ТЫС ШАРТТАР МЕН САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ

6.1. Егер оқиға келесілердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін толығымен немесе ішінара төлеуден бас тартуға құқылы:

- 1) қажетті қорғаныс немесе аса қажеттілік күй-жайда жасалған іс-қимылдарды қоспағанда, Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының сақтандыру жағдайын туындатуға немесе сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соқтыратын қасақана әрекеттері;
- 2) Сақтанушының, Сақтандырылушының және/немесе Пайда алушының заңнамалық актілермен белгіленген тәртіпте қасақана қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық деп танылатын, сақтандыру жағдайымен себепті байланысы бар іс-әрекеттері.

6.2. Егер сақтандыру жағдайы төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден азат етіледі:

- 1) ядролық жарылыстың әсері, радиация немесе радиоактивті жұқтыру, химиялық немесе бактериологиялық әсер және/немесе уланудың салдары; кез келген түрдегі әскери іс-қимылдар, азаматтық соғыс, әрқандай түрдегі халық толқуы, жаппай тәртіпсіздіктер, ереуілдер, локауттар және солардың салдары; террорлық актілер, азаматтық немесе әскери биліктің өкімімен мүлікті тартып алу, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу, жою немесе зақымдау, мәжбүрлеп мемлекеттендіру, төтенше жағдай немесе ерекше жағдай енгізу;
- 2) кемені жүзбелі миналармен, торпедалармен, бомбалармен немесе басқа да соғыс құралдарымен жою;
- 3) кемені тұтқынға алу, оған тыйым салу, ұстап қалу немесе солай жасауға талпыну.

Тараптардың келісімі бойынша осы тармақта көрсетілген жағдайлар жекелеген сақтандыру сыйлықақысы үшін сақтандыруға қабылданатын тәуекелдер қатарына жатқызылуы мүмкін. Бұл ретте, ерекше жағдайлар Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс.

6.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, төменде көрсетілген себептермен келген залалдар мен шығыстар өтелмейді:

- 1) ереуілдер, локауттар, еңбек шиеленістерінен туындаған әрекеттер;
- 2) кез келген террорлық актілер;
- 3) кемелердің соқтығысуының салдарынан Сақтанушы басқа кеменің иесіне өтеуге міндетті залалдар мен шығыстар;
- 4) сақтандырылған кеме жағадағы және гидротехникалық ғимараттарды, айлақтарды және соған ұқсастарды зақымдауының салдарынан Сақтанушы үшінші тұлғаларға өтеуге міндетті залалдар мен шығыстар;
- 5) сақтандыру жағдайының нәтижесінде қоршаған ортаға залал келтіруге байланысты залалдар мен шығыстар;
- 6) сақтандыру жағдайының нәтижесінде фрахтты жоғалтудан келген залалдар мен шығындар.
- 7) кеме рейске шыққанға дейін Сақтанушыға немесе оның өкіліне белгілі кеменің теңізде жүзу мүмкіндігінің болмауынан келген залалдар;
- 8) кеменің мұз сыныбында қарастырылмаған шарттарда пайдалану;
- 9) сақтандырылған кеменің қалдықтарын алып тастауға, адамдардың денсаулығына және үшінші тұлғалардың мүлкіне, оның ішінде сақтандырылған кемеде болған мүлікпен жүкке залал келтіруге байланысты залалдар мен шығындар;
- 10) Сақтанушының жанама түрдегі залалдары.

Осы тармақта көрсетілген шығыстар мен залалдар қосымша сақтандыру сыйлықақылары үшін ерекше

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 10-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

келісілген шарттармен сақтандырылуы мүмкін.

6.4. Егер су көлігіне келген залал төменде көрсетілген жағдайлардың нәтижесінде орын алған болса, олар сақтандыру жағдайы деп саналмайды және олар бойынша сақтандыру төлемдері төленбейді:

1) Сақтандырушының жарамды азаматтық су көлігін мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі жоқ, азаматтық су көлігінің пайдалануға жарамдылығы туралы куәлігі және су көлігінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және ведомстволық органдар талап ететін басқа құжаттары жоқ су көлігін пайдалануы;

2) Сақтанушының нормативтік құқықтық актілермен белгіленген, су көлігін ұстауға, күзетуге, жөндеуге, навигациялық және техникалық пайдалануға қойылған талаптарды бұзуы;

3) Сақтанушының су көлігін Сақтандыру шартында (полисте) көзделмеген мақсаттарда немесе Сақтандыру шартында белгіленген су көлігін пайдалану аумағынан тыс жерлерде пайдалануы (егер солай пайдалану форс-мажор жағдайымен байланысты болмаса);

4) су көлігін басқаруға құқығы жоқ немесе осындай сыныптағы су көлігімен рейске шығуға рұқсаты жоқ тұлғаның басқаруы;

5) кеменің отты абайлап пайдаланбаудан, өрт қауіпсіздігінің талаптарын бұзудан туындаған зақымдануы;

6) пайдалану нәтижесінде, оның ішінде агрегаттардың ішіне бөтен заттар мен нәрселердің түсуінің салдарынан (гидросокқы, қоқыстану және т.с.с.), сондай-ақ заңнамамен белгіленген кемені пайдалануға қойылған талаптарды және өндіруші-зауыттың талаптарын бұзудың салдарынан детальдардың, тораптардың және агрегаттардың сынуы, бұзылуы, істен шығуы;

7) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушы прокатқа, жалға, лизингіге берген сақтандырылған кеменің Сақтанушыға кері қайтарылмауы.

6.5. егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандырушы төменде көрсетілгендер үшін жауапты болмайды:

1) сақтандырылған кеменің тауарлық көрінісін жоғалтуы;

2) табиғи тозуы, құнсыздануы немесе сақтандырылған кемені жоғалтуға немесе зақымдануға дейін болған күйден жақсы күйге жақсартатын қандай да бір жөндеу жұмыстары құнының бөлігі үшін;

3) кез келген сақтандырылған кемеді қандай да бір мәмілеге немесе сауда операциясына байланысты тасымалданып жатқан тауардың жоғалуы немесе оған залал келуі, немесе сол тауар үшін жауапкершілік.

6.6. Төменде көрсетілгендердің салдарынан туындаған Сақтанушының залалдары сақтандыру қорғанысымен өтелмейді:

1) сақтанушының, Сақтандырылушының, Пайда алушының қаскөй ниеті, салғырттығы;

2) кемені зауыт топтамасына кіргізілмеген аспаптармен агрегаттармен, механизмдермен және т.с.с. өзі дербес жабдықтау, соның салдарынан сақтандыру жағдайының басталуы себебінің туындауы;

3) өрт қауіпсіздігі, улы, өртке қауіпті, жарылғыш заттарды, сондай-ақ химикаттар мен сұйытылған, тығыздалған немесе газ тәрізді нысандағы газдарды тасымалдау және сақтау ережелерін сақтамау;

4) сұйық заттарды (мұнай, бензин, газ және т.с.с.) тасымалдау нормаларын бұзу;

5) қоршаған табиғи ортаны ластау және бұлдіру;

6) Сақтанушының кемені ұстау, жөндеу және техникалық тұрғыдан пайдалану, бойынша нормативтік құжаттармен белгіленген талаптарды бұзуы немесе сақтамауы, сондай-ақ сақтандырылған кемені оның тағайындалуы бойынша мақсаттарда пайдаланбау;

7) кеменің зауыттық ақауы;

8) сақтандырылған кемені төменде көрсетілген жағдайларда пайдаланудан Сақтанушының мүлдіктік мүддесіне келген әрқандай залал:

а) кемені оның жүк көтеру мөлшерінен асырып пайдалану;

б) сақтандыру жағдайына дейін немесе сақтандыру жағдайынан кейін қауіпсіздік талаптарын бұзып немесе бұзылған күйде пайдалану;

в) жолаушыларды немесе жүктерді сақтандырылған су көлігін қауіпсіз басқаруға зиян келтіретіндей немесе қандай да бір тұлғаға немесе мүлікке залал келетіндей мөлшерде немесе түрде тасымалдау;

г) сайыстарда, жарыстарда (сынақ сайыстарын қоса), регаталарда, кез келген түрдегі сынау шараларында (жылдамдықпен сынау, сынамалық жарыстарда және ресурсты сынамаларда) немесе басқаруға үйрету үшін пайдалану;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 11-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

д) кемені Сақтанушының (Сақтандырылушының) қылмыс үшін қару ретінде пайдалануы;
 е) алкогольмен, есірткімен, токсикологиялық мастану немесе мастанудың басқа халінде болған тұлғаның кемені басқаруы;

ж) кеме техникалық тұрғыдан ақаулы жағдайда болған кезде пайдалану.

6.7. Төменде көрсетілгендер үшін Сақтандырушы Су көлігін ерікті сақтандыру шарты бойынша жауапты болмайды:

- 1) Сақтандыру шартында қарастырылған өтеу көлемі мен сомаларынан асатын зиянды өтеу туралы кез келген талаптар;
- 2) сақтандыру аумағынан тыс жерлерде келген зиянды өтеу туралы талаптар;
- 3) моральдық зиян және жіберіп алған олжа;
- 4) іркілістен, оның ішінде ұрлықтың салдарынан іркілістен, сондай-ақ жабдықты пайдалану уақытша мүмкін болмаудан туындаған залал;
- 5) айыппұлдар және (немесе) кез келген басқа әкімшілік өндіріп алулар мен ықпалшаралар;
- 6) кәсіби жауапкершілік;
- 7) бір Сақтандыру шарты бойынша жауапкершілігі сақтандырылған Сақтанушылардың бір-біріне қойған талаптары;
- 8) сақтандырылған кемемен тасымалданып жатқан немесе сол кемеді болған мүлікке келген залал немесе оның зақымдануы;
- 9) су көлігін тиеу немесе түсіру кезінде, сондай-ақ арнайы қондырғылар мен механизмдердің көмегімен кемені эвакуациялау және тасымалдау кезінде келген залал;
- 10) антикварлық және бірегей бұйымдардың, асыл тастардан, бағалы, жартылай бағалы және жасанды тастардан жасалған бұйымдардың, діни мәдениет бұйымдарының, топтамалардың, картиналардың, қолжазбалардың, ақшаның, бағалы қағаздардың зақымдануынан немесе опат болуынан келген залал;
- 11) қандай-да бір қосымша қондырғыны пайдаланудан туындаған әрқандай бір оқиға.

6.8. Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту үшін төменде көрсетілгендер негіз болып табылады:

- 1) Сақтанушының сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы әдейі жалған мәліметтерді хабарлауы;
- 2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту үшін қасақана шара қолданбауы;
- 3) Сақтанушының (Пайда алушының залал келтіргені үшін кінәлі тұлғадан мүліктік сақтандыру бойынша залалдардың тиісті өтемақысын алуы;
- 4) Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталу мән-жайларын зерттеуіне және сақтандыру жағдайынан келген залалдың мөлшерін айқындауына Сақтанушының кедергі келтіруі;
- 5) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімдерде Сақтандырушыға хабарламау;
- 6) Сақтанушының сақтандыру жағдайының басталғаны үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуі үшін қажет құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемі төленіп қойған болса, Сақтандырушы оны толығымен немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы;
- 7) егер сақтандыру жағдайы бастаған сәтте Сақтандыру шарты әлі күшіне енген болса немесе өз күшін тоқтатқан болса;
- 8) сақтандыру жағдайы құзырлы органдарда (ТЖ органдары, өрт сөндіру қызметі және т.с.с.) құжаттармен тіркелмеген болса;
- 9) Сақтанушы, Сақтандырылушы және/немесе Пайда алушы осы Ережеде және Сақтандыру шартында келісілген шарттар мен шектеулерді сақтамауы.

6.9. Төменде көрсетілген жағдайларда келген залалдар мен шығындар өтелмейді:

- 1) егер оқиға апаттық жағдаймен немесе форс-мажор жағдайларымен байланысты болмаса, Сақтандыру шатында көрсетілген географиялық аумақтан тыс жерлерде;
- 2) сақтандыру жағдайы басталған сәтте немесе тура соның алдында су көлігімен тасымалданып жатқан жолаушылардың немесе жүктің жалпы мөлшері су көлігінің сол сыныбы үшін белгіленген ең жоғары нормадан асып кеткен және/немесе су көлігіне жолаушы отырғызу/жүк тиеудің шекті нормаларынан асып кеткен кез келген себеп бойынша;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 12-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

- 3) су көлігі осындай су көліктері түріне арналған талаптарға сай келмейтін айлаққа кіру немесе айлақтан шығу кезінде, егер ол апаттық жағдайға немесе форс-мажор жағдайларына байланысты болмаса;
 - 4) кемені теңізде жүзеге болмайтын күйде жіберу, егер кеменің теңізде жүзуге болмайтын күйі кеменің жасырын кемшіліктерінен туындамаған болса;
 - 5) кеменің шығыс материалдарымен (мүлкімен) және қорымен байланысты;
 - 6) мамандандырылмаған кемені құтқару, бұрғылау, судың түбін тереңдету ретінде, сондай-ақ сақтандырылған кеме ондай қызметке арналмаған болса, оны басқа арнайы қызмет үшін пайдалануға байланысты;
 - 7) Сақтанушы немесе Пайда алушы, немесе оның өкілі хабардар бола тура, бірақ сақтандырушыға хабарламай, жарылысқа және өздігінен өртенуге қауіпті заттар мен бұйымдарды сақтандырылған кемеге жүктеу;
 - 8) кеменің және оның керек-жарақтарының ескіруіне, олардың тозуына байланысты;
 - 9) құзырлы биліктің талабы бойынша кемені тәркілеген, реквизиция жүргізген, тыйым салған немесе жойған жағдайда;
 - 10) Сақтандыру шартында сақтандыру жағдайы ретінде көрсетілмеген оқиғаға байланысты.
- 6.10. Корпустың ауыстырылған бөліктерін тазалауды, сондай-ақ дәнекерленген түйіскен жіктерді немесе ауыстырылатын немесе қалпына келтірілетін қаптау табақтарын, әрі орнынан алып, әрі орнында түзету жұмыстарын жүргізу уақытында зақымданған корпустың қаптау бөліктерінің бетін тегістеуді, шіруге қарсы бояуды және басқалай өңдеуді қоспағанда, Кез келген жағдайда да корпустың суасты бөлігін тазалау және бояу бойынша шығындар өтелуге жатпайды.
- 6.11. Кеменің зақымданған жерлерін түзету бойынша жөндеу жұмыстары кеменің корпусын соңғы рет бояған сәттен бастап 12 (он екі) ай ішінде жүзеге асырылған жағдайда, кеменің зақымданған бөлігіне жататын корпусын тазалау және бояу бойынша шығындар ғана жөндеудің өтелетін құнына жатады. Кеменің соңғы боялған күнтізбелік күні туралы мәліметтер кеме журналында қамтылады.
- 6.12. Сақтандырылған кемені докқа кіргізу және доктан шығару немесе эллингінің көмегімен көтеру және түсіру бойынша шығындар, сондай-ақ кемені докта немесе эллингіде пайдалану уақытын үшін шығындар – жөндеу барысында сақтандыру жағдайының салдарын түзетуге ғана бағытталған жұмыстар орындалған жағдайда өтелетін жөндеу құнына толығымен енгізіледі.
- 6.13. Осы Ережеде қарастырылған себептер бойынша Сақтандырушыны Сақтанушыға сақтандыру төлемін төлеуден азат ету бір мезгілде Сақтандырушыны Пайда алушыға да сақтандыру төлемін төлеуден азат етеді.
- 6.14. Егер ол негіздер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмесе, Су көлігін ерікті сақтандыру шартының талаптарында сақтандыру төлемін төлеуден бас тартудың басқа да негіздері қарастырылуы мүмкін.
- 6.15. Дауды сақтандыру омбудсманы реттеген жағдайда, Сақтанушы Қазақстан Республикасының заңдарымен көзделген тәртіпте және шарттармен сотта Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жөнінде дауласуы мүмкін.

7. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ МЕН ЖЕРІ

- 7.1. Сақтандыру шарты он екі ай мерзімге жасалады. Тараптардың келісімімен Сақтандыру шарты он екі айдан астам мерзімге жасалуы мүмкін.
- 7.2. Сақтандыру қорғанысы Сақтандыру шартына қол қойған күннен кейін, сақтандыру сыйлықақысы (немесе оның алғашқы бөлігі) Сақтандырушының шотына келіп түскен немесе қолма-қол ақшамен кассасына төленген күннің ертесі күнгі сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.
- 7.3. Белгіленген мерзімге сақтандырған кезде Сақтандырушының жауапкершілігі Сақтандыру шартында (полисте) көрсетілген күнгі сағат 24.00-ден басталады және аяқталады. Алайда, егер белгіленген мерзімге сақтандырылған кеме сақтандыру мерзімі аяқталған сәтте рейсте, жасырынуға арналған портта болса немесе апатқа ұшыраған болса, Сақтандыру шарты кеме тағайындалған соңғы рейстен портқа келгенге дейін ұзартылған болып саналады. Мұндай жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру шарты ұзартылған мерзімге тең уақытқа сақтандыру сыйлықақысын төлеуі тиіс.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 13-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

7.4. Рейске сақтандыру кезінде Сақтандырушының жауапкершілігі (егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса) теңізге шығатын портта арқанды шешкен немесе зәкірді көтерген сәттен бастап басталады және бару портында арқанды байлаған немесе зәкірді тастаған сәтте аяқталады.

7.5. Жасалған Сақтандыру шарты бойынша Сақтандырушы сақтандырылған кемеге Сақтандыру шартында келісілген бүкіл сақтандыру кезеңі ішінде және жүзу аумағында келген залалдар үшін, ол әдеттегі рейсті орындап жатыр ма, жүріс сынамаларында болды ма, көмек көрсетіп жатыр ма, кемені немесе жүзбелі құралдарды сүйреп жатыр ма немесе құтқару жұмыстарын орындап жатыр ма, оған қарамастан, жауапты болады.

7.6. Кемені сату немесе металға өткізу үшін рейске жіберу кезінде Сақтанушы сақтандыру шарттарын және қосымша сыйлықақы мөлшерін алдын ала келісіп алуы тиіс. Олай болмаған жағдайда сақтандыру жарамсыз деп саналады.

7.7. Сақтандыру аумағы сақтандырылған кеменің Сақтандыру шартында келісілген пайдалану аумағымен шектеледі. Тараптардың келісімімен сақтандыру аумағы әрі кеңейтілуі, әрі тарылтуы мүмкін. Сақтандыру аумағы Сақтандыру шартында және/немесе Сақтанушы берген сақтандыру полисінде көрсетіледі.

8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ЖАСАУ ТӘРТІБІ

8.1. Сақтандыру шарттары Сақтандырушы белгілеген нысанда толтырылған және Сақтандыру шартының құрамдас және ажыратылмас бөлігі болып табылатын Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде жасалады. Өтінішті толтыру кезінде Сақтанушы Сақтандырушыға өзінің осы су көлігін пайдалануға құқығын растайтын құжаттарды көрсетуге, сақтандыруға қабылданып жатқан су көлігіне, оның ішінде күй-жайына ықпал ететін мән-жайларға, тауарлық көрінісіне, сақталуына, орналасқан орнына қатысты сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайынан келетін ықтимал залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне белгілі барлық жағдаяттар туралы хабарлауға міндетті. Сақтанушы өзі берген мәліметтердің шынайылығы үшін жауапты болады.

8.2. Сақтандыру шартын жасау үшін Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің дәрежесін сипаттайтын қосымша құжаттарды талап етуі мүмкін. Сақтандырушы Сақтанушыға себептерін түсіндірмей-ақ Сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға құқылы.

8.3. Сақтанушы Сақтандырушының талабы бойынша оның өкіліне сақтандырылған кемені тексеруге мүмкіндік жасауға, Тексеру актіне қол қоюға міндетті. Тексеру нәтижесі бойынша Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуға немесе Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді талап етуге құқылы. ерекше жағдайларда, Сақтандырушының шешімі бойынша кеме Сақтанушы ұсынған барлық қажет құжаттар бойынша алдын ала тексерусіз сақтандырылуы мүмкін.

8.4. Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен, оның қолданыс мерзімі аяқталған немесе уақытша тоқтатылған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін қайта қарауды талап етуге құқылы.

8.5. Сақтандыру шарты жазбаша түрде келесідей жасалады:

- 1) Тараптардың Сақтандыру шартын әзірлеуі немесе электронды түрде;
- 2) Сақтанушыны Сақтандыру біржақты тәртіпте әзірлеген үлгілік Сақтандыру ережесінің шарттарына қосады және Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру полисін береді.

8.6. Су көлігін сақтандыру кезінде Сақтандыру шарты төменде көрсетілген шарттардың бірі бойынша жасалады:

- 1) кеменің опат болғаны немесе бұзылғаны үшін жауапкершілікпен;
- 2) кеменің толығымен опат болғаны үшін жауапкершілікпен;
- 3) тек қана кеменің толығымен опат болғаны үшін жауапкершілікпен, оның ішінде құтқаруға кеткен шығындарды қоса;
- 4) бұзылғаны үшін жауапкершілікпен.

8.7. «Кеменің опат болғаны немесе бұзылғаны үшін жауапкершілікпен» шарты бойынша сақтандырған кезде келесілер сақтандырылуға жатады:

- 1) корпусы, бұрандасы топтамада, рөл қалақшасы мен баллері;
- 2) қозғалтқыштары, қосалқы механизмдері, жабдықтары және кеме құрылғылары.

Осы Шарттармен жасалатын Сақтандыру шарты бойынша келесілер өтеледі:

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 14-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

1) «Жалпы ескертпелер» атты ескертпеде (№1 Қосымша) аталған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының нәтижесінде кемеңіз толығымен опат болуы (нақты және конструктивті) салдарынан келген залалдар және корпустың, бұранданың топтамасымен, рөл қалқаншасының және баллерінің, сондай-ақ қозғалтқыштарының, қосалқы механизмдерінің, жабдықтарының және кеме қондырғыларының орын алған зақымдануларды жөндеу бойынша шығындар;

2) кемеңіз үлесі бойынша жалпы апат бойынша залалдар, шығындар және жарналар.

Жалпы апаттың болуын айқындайтын белгілер болған жағдайда, жалпы апат бойынша залалдарға келесілер («Жалпы апат бойынша сақтандырудан тыс жайттар» атты ескертпеде аталған залалдарды қоспағанда) жатады:

1) жалпы құтқару шараларын қолданудан туындаған залалдар;

2) кемеңіз әдейі қайырға отырғызудан кемеңізге келген залалдар;

3) кемедегі өртті өшіру кезінде кемеңізге келген залалдар, оның ішінде өртеніп жатқан кемеңіз өртті өшіру мақсатында суға батырудан келген залалдар;

4) көмек алу мақсатында шығарылған шығындар, сондай-ақ кемеңізге көмек көрсетіп жатқан кемелер келтірген залалдар;

Сонымен қатар, жалпы апатқа келесілер жатқызылады немесе теңестіріледі:

1) кемеңіз жасырынуға арналған орынға (жасырыну портына) кіруінен немесе апаттан кейін жүктеу орнына қайтуынан туындаған немесе ортақ қауіпсіздік үшін сондай кіру немесе қайта оралу қажеттілігіне байланысты басқа төтенше жағдайдан туындаған шығындар;

2) кемеңіз жасырынуға арналған орыннан немесе кеме қайта оралуға мәжбүр жүктеу орнынан шығуға байланысты шығындар;

3) кеме экипажының жалақысы мен азық-түлігі бойынша шығындар (оған отын мен қамсыздандыру бұйымдарын қоса), кемеңіз жасырынуға арналған орынға кіруіне немесе апат немесе басқа төтенше жағдайлары кезінде кемеңіз жүктеу орнына қайта оралуына байланысты шыққан шығындар;

4) апат немесе басқа төтенше жағдайлары кезінде сондай жағдайлардың нәтижесінде келген бұзылуды жөндеу үшін, егер рейстің қауіпсіз түрде жалғастыруы үшін қажет болса, кеме ортақ қауіпсіздік мақсатында қандай да бір орында тұрып қалуынан туындаған кеме экипажының жалақысы мен азық-түлігі бойынша шығындар.

Ортақ апатқа қабылданбайтын жөндеу жұмыстарынан туындаған шығындарды қоспағанда, кемеңіз тұрып қалуы кезінде туындаған отынға, қамсыздандыру бұйымдарына кеткен шығындар және порт шығындары ортақ апатты бөлу тәртібінде өтеледі;

5) жүктеу, кіру немесе жасырыну орнында ортақ қауіпсіздік үшін кемеңізге жүргізілген уақытша жөндеу құны, сондай-ақ ортақ апатқа қабылданатын бұзылуларды уақытша жөндеу құны; алайда, кездейсоқ бұзылуларды рейсті аяқтау үшін қажет уақытша жөндеу құны ол жөндеулер жасалмаған болса, ортақ апатқа жатқызылатын шығыстардың алдын алу көлемінде ғана өтеледі.

8.8. «Бұзылғаны үшін жауапкершілікпен» шарттарында сақтандырған кезде келесілер сақтандырылуға жатады:

1) корпус, бұранда топтамада, рөл қалақшасы мен баллері;

2) қозғалтқыштар, қосалқы механизмдер, жабдықтар және кеме қондырғылары.

Осы Шартпен жасалатын Сақтандыру шарты бойынша келесілер өтеледі:

1) «Жалпы сақтандырудан тыс жайттар» атты ескертпеде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының нәтижесінде орын алған корпустың, топтамадағы бұранданың, рөл қалақшасының мен баллерінің, сондай-ақ қозғалтқыштардың, қосалқы механизмдердің, жабдықтардың және кеме қондырғыларының бұзылуын түзету бойынша шығындар;

2) кемеңіз құтқару бойынша қажет және дұрыс жасалған шығындар.

8.9. «Кемеңіз толығымен опат болуы үшін ғана жауапкершілікпен, оған құтқару ойынша шығындарды қоса» шартымен сақтандырған кезде келесілер өтеледі:

1) «Жалпы сақтандырудан тыс жайттар» атты ескертпеде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының нәтижесінде орын алған кемеңіз толығымен (нақты немесе конструктивті) опат болуынан туындаған залалдар;

2) кемеңіз құтқару бойынша қажет және дұрыс жасалған шығындар.

8.10. «Кемеңіз толығымен опат болуы үшін жауапкершілікпен» шартымен сақтандырған кезде:

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 15-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

1) «Жалпы сақтандырудан тыс жайттар» атты ескертпеде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының нәтижесінде орын алған кеменің толығымен (нақты немесе конструктивті) опат болуы салдарынан туындаған залалдар;

2) кемені құтқару бойынша қажет және дұрыс жасалған шығындар.

8.11. Осы Ереженің негізінде жасалған Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы деп танылған оқиға басталған кезде Сақтандырушы Қазақстан Республикасының «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Заңына сәйкес (166 бет) жалпы апат бойынша диспаша әзірлеу үшін жасалған Сақтанушының шығындарын өтейді.

8.12. Сақтандырушы Сақтандыру шартында келісілген жүзу аумағында ғана немесе рейсте орын алған залалдар үшін жауапты болады. Сақтандырушымен келісілмей, кеме Сақтандыру шартында келісілген жүзу аумағынан тыс жерге шыққан кезде немесе жүзу бағытынан ауытқыған кезде сақтандыру тоқтатылады.

8.13. Сақтанушы жүзу аумағының немесе рейс бағытының өзгертілетіні туралы Сақтандырушыға уақытылы хабарлаған және тиісті сақтандыру сыйлықақысын төлеген жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін күшінде қалдыруы мүмкін. Адам өмірін, кемелерді және жүктерді құтқару мақсатында белгіленген жүзу бағытынан ауытқу немесе жүзу аумағынан шығу, сондай-ақ рейсті одан әрі қауіпсіз жалғастыруды қамтамасыз етуге шын қажеттіліктен туындаған ауытқу – Сақтандыру шартын бұзған болып саналмайды.

8.14. Сақтанушы өзіне белгілі болған сәттен бастап шұғыл түрде сақтандыру тәуекелінің дәрежесіне әсер ететін барлық едәуір өзгерістер туралы (рейстің кешігуі, кеменің Сақтандыру шартында келісілген жүзу бағытынан ауытқу туралы, жүзу аумағынан шығу туралы, мұздарда жүзу туралы, Сақтандыру шартын жасау кезінде қарастырылмаған кеменің қыстауға тоқтағаны туралы, сақтандырылған кеменің басқа кемелерді сүйреуі туралы немесе сақтандырылған кемені жалға бергені туралы және т.б.) Сақтандырушыға хабарлауға міндетті.

Сақтандырылған кеме сынамалық рейс жасаған, көмектің қажеттілігінен басқа кеменің сүйреуінде болған немесе сүйреуде жүзу жергілікті ғұрыптарға немесе Сақтандыру шартына сәйкес жүзеге асырылған жағдайлар – едәуір өзгерістер болып саналмайды.

8.15. Сақтандыру тәуекелі дәрежесінің артуына әкелетін мән-жайлар туралы ақпарат алған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының ережелерін өзгертуді немесе артқан тәуекелге тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.

8.16. Егер Сақтанушы Сақтандыру шартының жаңа ережелерімен келіспесе немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуден бас тартса, Сақтандырушы Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіпте Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы.

8.17. Сақтанушы сақтандыру тәуекелі дәрежесінің артқаны туралы ақпаратты Сақтандырушыға хабарлау бойынша міндетін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасымен белгіленген тәртіпте залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.

8.18. Сақтандыру тәуекелі дәрежесінің артуына әсер ететін мән-жайлар жойылған жағдайда Сақтандырушы Сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.

8.19. Сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артты ма, артпады ма, оған қарамастан, Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде кеменің күй-жайы мен пайдалану шарттарын тексеруге құқылы.

8.20. Кемені сатқан немесе сыйға берген, сондай-ақ мүлікті бөлген кезде Сақтанушы Сақтандырушыға өтініш жазу арқылы Сақтандырушының келісімімен, Сақтандыру шартын кеменің жаңа иесіне беруі мүмкін. Кеме басқа тұлғаның меншігіне өткен кезде Сақтандыру шарты (сақтандыру полисі) қайта рәсімделеді.

8.21. Сақтанушы Сақтандыру шартын жаңадан сатып алған кемеге қайта рәсімдеуге құқылы. Бұл ретте, ол Сақтандырушыға жаңадан сатып алған кемені тексеруге мүмкіндік беруге және сол кемеге қатысты барлық ақпаратты, құжаттарды Сақтандырушыға беруге міндетті. Мұндай жағдайда Сақтандырушы бұрынғы Сақтандыру шартының қолданыс кезеңін есепке ала отырып, сақтандыру сомасы мен сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлерін қайта есептейді.

8.22. Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) жоғалтқан кезде Сақтандырушы Сақтанушының жазбаша өтінішінің негізінде оған дубликатын беруге міндетті. Сақтандыру полисінің бланкісін

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 16-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

дайындау және оның дубликатын рәсімдеу үшін шығындарды Сақтанушы өтейді, бұл орайда өтелетін шығындардың жалпы сомасы өтініш берілген күнгі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген 0,5 айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.

8.23. Сақтандыру шартында көрсетілуі тиіс шарттардың толық болмағаны үшін жауапкершілік Сақтандырушыға артылады. Сақтандыру шартының жекелеген шарттарының толық болмауының салдарынан Шарт бойынша дау туындаған жағдайда, ол дау Сақтанушының пайдасына шешіледі.

8.24. Сақтанушының немесе оның өкілінің Сақтандыру шартындағы (полистегі) қолтаңбасы, оның осы Ереженің нормаларымен келіскенін растайды.

9. САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІН ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

9.1. Сақтандыру жағдайының басталуы нәтижесінде кемеңің (оның бөліктерінің) бұзылуынан, жойылуынан немесе кемеңің жоғалтудан туындаған мүлдіктік мүдде – сақтандыру төлемінің сомасын есептеу кезінде «нақты залал» деп түсініледі.

9.2. Тәуелсіз сараптама ұйымы қалпына келтіру жұмыстарының экономикалық тұрғыдан тиімсіз деп белгілеген кезде, сондай-ақ қалпына келтіру бойынша жөндеу жұмыстарының құны сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандыру объектісінің шынайы құнының 85%-ынан асатын болса, кемеңің жойылуы (бұзылуы) кемеңің «толық опат болуы» деп түсініледі.

Жөндеу жұмыстарын жүргізу арқылы кемеңің бастапқы тағайындалуы бойынша пайдалану үшін жарамды халге келтіру және оны қалпына келтіру үшін кеткен шығындар сақтандыру жағдайы басталған кездегі бағалар бойынша сақтандыру жағдайы басталған кездегі сақтандыру объектісінің шынайы құнының 45%-ынан аспайтын болса, кемеңің сапалық сипаттамаларының нашарлауы – сақтандырылған кемеңің «бұзылуы» деп түсініледі.

9.3. Сақтандырылған кемеңің сақтандыру жағдайы басталғанға дейін болған күй-жаймен салыстырғанда жақсарту бойынша шығындар, сондай-ақ жіберіп алған олжа, тауарлық құнын жоғалту және моральдық зиян нақты залалдың сомасына кірмейді.

9.4. Сақтандырушы залалдың мөлшерін жүргізген тексерудің және өзі жасаған калькуляцияның негізінде, сақтандыру жағдайы басталған сәттегі зақымданған кемеңің құнын есепке ала отырып белгілейді. Тараптардың әрбірі бастамашы Тараптың есебінен тәуелсіз сараптама жүргізуді талап етуге құқылы.

9.5. Нақты залал келесідей айқындалады:

1) кемеңің ұрлап айдап әкеткен (жоғалтқан) немесе ұрлатқан кезде – ұрланған кемеңің бағалау құнына қарай, келісілген франшизаны есепке ала отырып, бірақ Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде;

2) кеме толығымен опат болған кезде – кемеңің бағалау құнының мөлшерінде, бірақ келісілген франшизаны, амортизациялық тозу сомасын және егер болса, (бұзылған объектінің құрамдас бөлшектерінің пайдалануға немесе сатуға жарамды) қалдықтарының құнын шегеріп тастап, Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру сомасынан аспайтын мөлшерде. Қалдықтардың құны олардың тозуын есепке ала отырып белгіленеді. Сақтандыру төлемін сақтандырылған кемеңің шынайы құнының 85%-ынан асатын мөлшерде жүзеге асырған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыдан мүлдіктік сақтандыру объектісінен Сақтандырушының пайдасына бас тартуын талап етуге құқылы.

3) кеме бұзылған кезде, келісілген франшизаны, амортизациялық тозуын және көлік құралының бұзылған бөлшектерінің құнсыздануын есепке ала отырып, залалдың мөлшері кемеңің сақтандырылған кемеңің құнын сақтандыру жағдайы басталған сәттегі құнына сәйкес халге келтіру үшін (қалпына келтіру бойынша) жөндеу жұмыстарына кеткен шығындардың құнына тең.

9.6. Қалпына келтіруге жұмсалатын шығындар келесілерді қамтиды:

1) қалпына келтіру үшін қажет материалдар мен қосалқы бөлшектерге кеткен шығындар;

2) қалпына келтіру бойынша жұмыстар үшін төлем жасауға кеткен шығындар. Қалпына келтіруге кеткен шығындар қалпына келтіру (жөндеу) барысында ауыстырылатын материалдар мен қосалқы бөлшектердің тозуы құнын шегер отырып, айқындалады.

9.7. Егер сақтандырылған кемеңің пайдалануға қауіп болмай, бұзылған бөлшектерді жөндеу мүмкіндігі болғанымен оларды ауыстырған жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға сол бөлшектердің жөндеу құнын, оларды ауыстыру құнынан аспайтын мөлшерде өтейді.

	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 17-бет
---	--------------------------------------	--	---------------------

9.8. Сақтанушы сақтандыру жағдайының салдарын түзету бойынша тексеруді және жөндеу кәсіпорнын Сақтандырушымен келісуі тиіс.

9.9. Егер жөндеу уақыты мен орны келісілмеген болса, Сақтандырушы сақтандыру өтемақысын жөндеуге кететін дұрыс шығындар мөлшеріне қарай айқындайды. Бұл ретте, кемені жөндеу бойынша шығындардың құрамына кемені жөндеу орнына апару және сол орыннан кері алып кету бойынша ақылға қонымды және дұрыс шығындар қамтылады. Барлық басқа жағдайларда кемені соңғы кірген айлақтан сақтандыру жағдайының нәтижесінде бұзылған бөлшектерді түзету бойынша жөндеу орнына жеткізу бойынша шығындар сондай жеткізу уақытында қалыпты пайдалану шығындарынан аспайтын сомада өтеледі.

9.10. Қалпына келтіруге кеткен шығындарға келесілер қамтылмайды:

- 1) сақтандырылған объектіні өзгертуге және/немесе жақсартуға байланысты шығындар;
- 2) уақытша (қосалқы) жөндеуден немесе қалпына келтіруден туындаған шығындар;
- 3) жабдықтарды қайта жинау, кемені профилактикалық жөндеу және қызмет көрсету бойынша шығындар, сондай-ақ сақтандыруға жағдайына қарамастан жүзеге асырылған басқа шығындар.

9.11. Қосымша орнатылған жабдықтың бұзылу, жоғалу немесе жойылу тәуекелі бойынша сақтандыру жағдайы басталғанға дейін орын алған мүлікке келген зиянның мөлшері, келісілген франшизаны, мүліктің есептелген амортизациясын (тозуын) шегере отырып, мүлікке келген мөлшері. Бұзылған мүлікті қалпына келтіру құны сақтандыру жағдайы басталған күні қолданыста болған нарықтағы құнға қарай есептеледі.

9.12. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы Пайда алушыға Сақтандыру шартында келісілген сақтандыру төлемін жүзеге асырады.

9.13. Сақтандыру төлемі Сақтанушының сақтандыру төлемін төлеу туралы жазбаша өтінішінің және Сақтандырушы немесе соның уәкілетті өкілі әзірлеген сақтандыру актісінің (қорытындысының) негізінде жүзеге асырылады.

9.14. Егер сақтандыру шартында басқа ережелер арнайы келісілмеген болса, «Үшінші тұлғалардың құқыққа қайшы әрекеттері» тәуекелі бойынша сақтандыру төлемі белгіленген тұлғаларға қатысты заңды күшіне енген сот қаулыларының (актілерінің) негізінде жүзеге асырылады.

9.15. Сақтандырылған объектіге қатысты барлық жасалған Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерінің сомасы нақты залал сомасынан аспауы тиіс.

9.16. Сақтандыру шарты бойынша төлемдердің жалпы сомасы сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, сақтандыру төлемі біржолғы төлеммен жүзеге асырылады.

9.17. Сақтандыру шартында сақтандыру төлемін залалды сақтандыру төлемі сомасының көлемінде заттай түрдегі өтемақымен ауыстыру да қарастырылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Сақтандырушы Сақтанушыға ұқсас кеме немесе ұрланған, жойылған немесе бұзылған мүліктің сапалық сипаттамалары мен тұтынушылық қасиеті бар тораптар мен агрегаттар беру арқылы Сақтанушының залалын өтеуге құқылы.

9.18. Жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша құжаттарды қараудың және сақтандыру төлемін жүзеге асырудың шекті мерзімі Компанияға барлық қажетті құжаттарды ұсынғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

9.19. Егер сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешімді белгіленген мерзімде қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, қосымша ақпарат не ұсынылған құжаттарға мәліметтер талап етіледі, ұйым сақтанушыны (сақтандырылушыны, пайда алушыны) сақтандыру төлемін жүзеге асыру мерзімдерін ұзарту қажеттігінің себептерін түсіндіре отырып хабардар етеді.

9.20. Бұл ретте басқарма жеке тұлғаларды ерікті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыруға арналған құжаттарды қараудың шекті мерзімі күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

9.21. Егер Сақтандыру шартында басқалай келісілмеген болса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда, Сақтандырушы ол жөнінде жазбаша түрде, бас тартудың уәжді себептерін көрсете отырып, Сақтанушы барлық қажет құжаттарды өткізген сәттен бастап 30 (отыз) күн ішінде Сақтанушыға хабарлайды.

9.22. Егер Сақтандыру шартында арнайы басқалай келісілмеген болса, сол бойынша сақтандыру төлемі төленген Сақтандыру шарты сақтандыру сомасы мен сақтандыру төлемінің сомасы арасындағы

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 18-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

айырмашылық мөлшерінде осы Сақтандыру шартында көрсетілген мерзімнің аяғына дейін өз күшін жалғастырады.

9.23. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша уәкілетті мемлекеттік орган қылмыстық іс қозғаған болса, онда сақтандырушы тергеу нәтижелері туралы тергеу және сот органдарының құжаттарын алғанға және солар соңғы процессуалдық шешім шығарғанға дейін сақтандыру төлемін төлеу туралы мәселені кейінге қалдыруға құқылы, ол жөнінде Сақтанушыға жазбаша түрде хабарлайды.

9.24. Егер заңнамамен белгіленген талап қою мерзімі ішінде Сақтанушыны (Пайда алушыны) сақтандыру төлемін алу құқығынан айыратын мән-жайлар анықталса, Сақтанушы (Пайда алушы) алған сақтандыру төлемінің сомасын Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.25. Ұрланған кеме қайтарылған Сақтанушы алған сақтандыру төлемінің сомасын 2 айлық мерзім ішінде, егер залал келген болса, ішінара залдың өтемақысын шегере отырып, Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

9.26. Сақтандыру жағдайының басталуына байланысты залалды азайту немесе оның алдын алу бойынша шығындар егер ол шығындар Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін қажет немесе жүзеге асырылған болса, ол шаралар сәтсіз болғанына қарамастан, өтелуі тиіс. Мұндай шығындарды Сақтандырушы су көлігінің шынайы (сақтандыру) сомасын шаққандағы сақтандыру сомасына тең мөлшерде өтейді. Бұл ретте, сақтандыру сомасы мен шығындардың өтемақысының жалпы сомасы Сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру сомасынан аспауы тиіс. Көрсетілген шығындар тікелей сол шығындарды шығарған тұлғаға өтеледі.

10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕ САҚТАНУШЫНЫҢ ӘРЕКЕТТЕРІ

10.1. Сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтанушы міндетті:

- 1) сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту үшін барлық мүмкін болған шараларды, оның ішінде кемеңі құтқару бойынша шараларды қолдануға;
- 2) шұғыл түрде, бірақ әрқандай жағдайда да залалды анықталған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей, ол жөнінде жазбаша түрде Сақтандырушыға хабарлауға. Егер Сақтанушы дәлелді себептермен сақтандыру жағдайының басталғаны туралы белгіленген мерзімде Сақтандырушыға хабарлай алмаған болса, ол себептерді құжаттармен растауы тиіс;
- 3) болған оқиға туралы шұғыл түрде хабарлауға және оқиғаны құзырлы органдар мен ұйымдарда (теңізде жүзу органдары, ішкі істер органдары, өрт сөндіру қызметі, ТЖ жөніндегі органдар, және қолданыстағы заңнамаға сәйкес т.б. құзырлы органдар мен ұйымдар) құжаттармен тіркетуге;
- 4) Сақтандырушының өкіліне бұзылған кемеңі тексеруге, залалдың себептері мен мөлшеріне қатысты тексеру жүргізуге, залалды азайту бойынша шараларға қатысуға;
- 5) Сақтандырушының жазбаша келісімін алмайынша, бұзылған кемеге қалпына келтіру жұмыстарын жүргізбеуге;
- 6) Сақтандырушының мүдделеріне қарсы бағытталған әрекеттер жасамауға, сондай-ақ құтқару жұмыстарын ұйымдастыру бойынша, сонымен бірге залалды азайту мақсатында жасалған әрекеттерді қоспағанда, Сақтандырушының жазбаша келісімінсіз аталған сақтандыру жағдайына қатысы бар қандай да бір міндеттемелер алмауға, қандай да бір ұсыныстарды мойындамауға және қабылдамауға, төлемдер жасамауға және қандай да бір төлемдер жасауға уәде бермеуге;
- 7) Сақтандырушы белгілеген нысанда сақтандыру жағдайының басталғаны туралы жазбаша өтініш беруге, залалдың туындау мән-жайларын көрсетуге, сондай-ақ сақтандыру оқиғасының себептерін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау үшін қажет Сақтандырушы сұратқан барлық құжаттарды беруге;
- 8) теңізде болған апаттың барлық мән-жайларын кеме журналына жазуға, портқа келгеннен кейін апат туралы мәлімдеме жасауға;
- 9) оқиғаның тергеу барысы туралы, оның себептері мен салдары туралы Сақтандырушыға жүйелі түрде хабарлап отыруға, сондай-ақ қолданыстағы ережелерге сәйкес аталған тергеу шараларына қатысуға;
- 10) егер еңсерілмейтін дүлей күштер апатқа себеп болса, теңіз қарсылығы туралы мәлімдеме жасауға;
- 11) бұзылған су кемесін Сақтандырушы (оның уәкілетті өкілі) тексергенге дейін оны сақтандыру жағдайы басталу нәтижесінде болған күйде сақтауға. Егер қауіпсіздік, залалдың мөлшерін азайту

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 19-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

мақсатында немесе Сақтандырушының жазбаша келісімін алған жағдайда Сақтанушы келген залалдың сипатын өзгертуге құқылы;

12) үшінші тұлғалардан сақтандыру жағдайының нәтижесінде келген залалдардың қандай да бір өтемін (өтемақысын) алғаны туралы Сақтандырушыға жазбаша түрде шұғыл хабарлауға;

13) егер сақтандыру жағдайының басталуына байланысты Сақтандырушы әрі Сақтандырушының, әрі Сақтанушының мүдделерін қорғау үшін өзінің өкілін тағайындау керек деп санаса, Сақтандырушы көрсеткен тұлғаларға аталған мүдделерді қорғау үшін сенімхат немесе басқа да қажет құжаттарды беруге. Сақтандырушы сақтандыру жағдайының басталуына байланысты сотта Сақтанушының мүддесін қорғауға, немесе Сақтанушыны басқалай түрде құқық тарапынан қорғауға құқылы, бірақ міндетті емес;

14) сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ оған келген залалдарды дәлелдеу, оның ішінде сараптама жүргізу, сарапшылардың оқиға орнына баруы, мамандарды тарту және олардың кеңесін алу үшін төлем жасау, қажет құжаттарды жинау ауыртпалығын көтеруге;

15) барлық құжаттар мен дәлелдемелерді Сақтандырушыға беруге және келген залал үшін жауапты тұлғаға Сақтандырушыға көшкен кері талап қою құқығын жүзеге асыру үшін барлық мәліметтерді оған беруге.

11. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН ЖӘНЕ ЗАЛАЛДАРДЫҢ МӨЛШЕРІН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ

11.1. Сақтандыру төлемін алу үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) келесілерді құжаттармен дәлелдеуге міндетті:

- 1) сақтандырылған су көлігіне өзінің мүддесін;
- 2) сақтандыру жағдайының болуын;
- 3) келген залалдың мөлшерін.

11.2. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемін алу үшін Сақтандырушыға келесідей құжаттарды ұсынуға міндетті:

1) *жеке басын куәландыру және сақтандыру төлемін алу шарттарын сақтау үшін*: сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның басталғаны туралы өтініш; Сақтандыру шарты; өтініш берушінің жеке басын куәландыратын, мемлекеттік деректер қорымен/БСДҚ-мен салыстырып тексерілген немесе құжаттың түпнұсқасымен салыстырып тексерілген деректер; жеке тұлғаны жеке кәсіпкер ретінде тіркегені туралы куәлік (егер Сақтанушы жеке тұлға болып табылса және жеке кәсіпкерлік қызмет атқарып жатқан болса); Сақтандырушыда істерді жүргізуге және сақтандыру төлемін алуға құқық беретін сенімхат (заңды тұлға үшін немесе Пайда алушының мүддесін білдірген жағдайда);

2) *сақтандырылған су көлігін сақтап қалу мүддесін дәлелдеу үшін*: сақтандырылған су көлігіне иелік ету құқығын растайтын құжаттар (кемені тіркегені туралы куәлік; сақтандыру жағдайы басталған сәтте кемені басқарған тұлғаның кемені басқаруға құқық беретін құжаттар; Жалдау келісімшартының көшірмесі, егер кеме алдау келісімшартына сәйкес пайдаланылған болса; кемеге меншік иесінің атынан иелік етуге, пайдалануға және/немесе билік жүргізуге құқығын растайтын басқа құжаттың көшірмесі; және т.с.с.);

3) *сақтандыру жағдайының болуын дәлелдеу үшін*:

а) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, оқиға туралы комиссия хаттамаларының, шешімдерінің және т.с.с. көшірмелері және соларға қосымшалар; оқиға орнын тексеру хаттамасының, құқық бұзушылық туралы қаулының, медициналық ұйымдар берген анықтамалардың көшірмелері; тергеу жүргізетін, сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларды сыныптандыратын және олардың есебін жүргізетін құзырлы органдар (тергеу, сот және т.с.с.) әзірлеген немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын басқа құжаттар;

б) үшінші тұлғалар құқыққа қайшы әрекет жасаған кезде: оқиға орнын тексеру хаттамасының және қылмыстық іс қозғау туралы қаулының (немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының) көшірмесі, іс бойынша өндірісті уақытша тоқтату туралы қаулының көшірмесі (кемені ұрлап айдап әкеткен немесе ұрлаған жағдайда); айыпталушы ретінде тарту туралы қаулының көшірмесі (құқыққа қайшы әрекет жасаған тұлғаны анықтаған кезде); тергеу жүргізіп жатқан, сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларды сыныптандыратын және олардың есебін жүргізетін немесе

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 20-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын уәкілетті органдар (комиссиялар) арнайы әзірлеген басқа құжаттар;

в) дүлей апаттар кезінде: гидрометеозықметтердің, мемлекеттік комиссиялардың, сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларды сыныптандыратын және олардың есебін жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын құзырлы органдардың жергілікті бөлімшелері әзірлеген актілер, қорытындылар және басқа құжаттар;

г) басқа күтілмеген оқиғалар кезінде: өрт сөндіру және құқық қорғау органдарының актілерінің көшірмелері, өрт-техникалық сараптаманың қорытындысы, оқиға хаттамалары мен солардың қосымшалары; оқиға орнын тексеру хаттамасының көшірмесі; сақтандыру жағдайы ретінде қарастырылып жатқан оқиғаларды сыныптандыратын және олардың есебін жүргізетін немесе сақтандыру жағдайының басталу фактісін растайтын уәкілетті органдар (комиссиялар) арнайы әзірлеген басқа құжаттар;

4) келген залалдың мөлшерін дәлелдеу үшін: бағалау қызметін, аккредитация жүргізуге тиісті лицензиясы және Кәсіби бағалаушылар палатасына мүше екені туралы куәлігі бар тәуелсіз сараптама (бағалау) ұйымының қорытындысы немесе келген залалдың мөлшерін растайтын және тәуелсіз сараптама (бағалау) ұйымының есептемесі мен қорытындысы үшін қажет басқа құжаттар.

11.3. Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) су көлігіне мүддесін, сақтандыру жағдайының басталғанын және келген залалдың мөлшерін растайтын басқа да құжаттарды ұсынуға құқылы.

11.4. Сақтандырушы жоғарыда баяндалған құжаттар тізбесін қысқартуға немесе Шартта және Сақтандыру ережесінде жазылған қосымша құжаттарды (Сақтандырушының уәкілетті органы бекіткен және Шарт жасасу/полисті ресімдеу күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған), егер нақты мән-жайларды ескере отырып, олардың болмауы сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтауға және оның мөлшерін айқындауға мүмкіндік бермесе, талап етуге құқылы залал

11.5. Егер сол құжаттардың болмауынан сақтандыру жағдайының басталу фактісін анықтау және залалдың мөлшерін айқындау мүмкін болмаса немесе сақтандыру жағдайы туралы қосымша мәліметтер алу талап етілсе, Сақтандырушы Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан, Пайда алушыдан) осы Ереженің тиісті тармағында көрсетілмеген басқа да құжаттарды талап етуге құқылы.

11.6. Құжаттарды қабылдаған Сақтандырушы өтініш берушіге қабылданған құжаттардың толық тізбесі мен оларды қабылдаған дата көрсетілген анықтама беруге міндетті.

11.7. Сақтанушы Сақтандыру шартында қарастырылған құжаттарды бермеген жағдайда Сақтандырушы шұғыл түрде, бес жұмыс күнінен кешіктірмей, жетіспеген құжаттар туралы Сақтанушыға жазбаша хабарлауға міндетті.

11.8. Егер сақтандыру жағдайының факті бойынша құзырлы органдар қылмыстық іс қозғау туралы мәселені қарастырған болса, Сақтандырушы Сақтанушыдан қылмыстық іс қозғау туралы қаулының, қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулының, қылмыстық істі уақытша тоқтату немесе тоқтату туралы қаулының көшірмесін сұратуға, немесе тиісті органдарға сауалхатты өзі дербес жіберуге құқылы.

11.9. Сақтанушы осы бапта көрсетілген талаптарды орындамаған жағдайда Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға құқылы.

12. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

12.1. Сақтанушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өз құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді талап етуге;
- 2) Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде сақтандыру төлемін уақытылы алуға;
- 3) Сақтандырушымен келісе отырып, Сақтандыру шартына өзгертулер енгізуге;
- 4) Сақтандырушымен келісе отырып, егер Сақтандыру шартында келісілген болса, Пайда алушымен де келісе отырып, Пайда алушы мен Сақтандырылған тұлғаны ауыстыруға;
- 5) Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) жоғалтқан кезде оның дубликатын алуға;
- 6) Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуы жайлы сотқа шағым жасауға;

	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 21-бет
---	--------------------------------------	--	---------------------

7) Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте және шарттармен Сақтандыру шартын бұзуға;

8) сақтандыру жағдайлары туындаған кезде Сақтандырушының өкіліне тиісті органдарда өз мүддесін білдіру үшін өкілдік беруге.

12.2. Сақтанушы міндетті:

1) Сақтандыру шартын жасау кезінде өзіне белгілі болған, сақтандыру тәуекелін бағалау үшін маңызды мәні бар барлық мән-жайлар туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

2) Сақтандырушының уәкілетті өкіліне су көлігін тексеруге беруге және оның ішкі және сыртқы бұзық жерлері туралы барлық мәліметтерді хабарлауға;

3) сақтандыру сыйлықақыларын Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімдерде төлеуге;

4) Сақтандыру шартының қолданыс кезеңін ішінде осы сақтандыру объектісіне қатысты жасалған немесе жасалып жатқан басқа Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

5) сақтандырылған кеме туралы барлық мәліметтерді Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандырушыға беруге;

6) шұғыл түрде, әрқандай жағдайда да 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру тәуекелінің артуына байланысты Сақтандыру шартының қолданыс кезеңінде орын алған барлық едәуір өзгерістер туралы Сақтандырушыға хабарлауға;

7) су кемесін пайдалану бойынша барлық ережелерді, нормаларды және нормативтерді сақтауға;

8) сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға талап қою құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге;

9) сақтандыру жағдайының алдын алу үшін барлық мүмкін болған және дұрыс шараларды қолдауға, сондай-ақ белгіленген және жалпыға қабылданған қауіпсіздік ережелері мен нормаларын сақтауға, су кемесінің сақталуын қамтамасыз етуге, кемеңі Қазақстан Республикасының нормативтерімен белгіленген қауіпсіздік және техникалық шарттардың талаптарына сәйкес пайдалануға.

12.3. Сақтандырушы құқылы:

1) Су көлігін ерікті сақтандыру шартын жасаудан бас тартуға;

2) Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін уақытылы алуға;

3) егер аталған мән-жайлар Сақтандырушыға белгісіз болса және белгілі болмауы тиіс болса, сақтандыру жағдайының басталу ықтималдығын және сақтандыру жағдайының (сақтандыру тәуекелінің) басталуынан келетін ықтимал залалдың мөлшерін айқындау үшін едәуір маңызы бар мән-жайлар туралы мәліметтерді Сақтанушыдан алуға;

4) сақтандыру тәуекелін бағалауға, оның ішінде сақтандыру объектісін тексеруге, кейіннен Сақтандырушы белгілеген нысанда тексеру актісін жасауға және оған Сақтанушының қол қоюына;

5) келген зиянның мөлшерін бағалау және сақтандыру төлемінің мөлшерін айқындау үшін тәуелсіз сарапшының (диспашердің) қызметін пайдалануға;

6) Сақтанушы хабарлаған сақтандыру объектісінің сипаттамасына сәйкестігі туралы ақпаратты тексеруге, Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) Сақтандыру шартының талаптары орындауды талап етуге;

7) сақтандыру жағдайының басталғаны туралы уақытылы хабарлама алуға;

8) сақтандыру жағдайының басталғаны жайында құжаттамалармен расталған ақпарат алуға;

9) Сақтанушы өз міндеттерін орындамаған жағдайда, осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған жағдайларда Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

10) сақтандыру жағдайының белгілері бар оқиғаның себептері мен мән-жайларын дербес анықтауға;

11) Сақтанушының залал туралы хабарламасын күтпей-ақ зақымданған кемеңі тексеруге кірісуге. Мұндай жағдайда Сақтанушы Сақтандырушыға кедергі жасауға құқылы емес;

12) қажет жағдайда сақтандыру жағдайының басталу фактісін және себептерін растайтын тиісті құжаттар мен ақпарат алу үшін құзырлы органдарға сауалхат жіберуге;

13) сақтандыру жағдайының басталуына кінәлі тұлғаға кері талап қоюға;

14) Егер Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің артқаны туралы белгілі болса, Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және сақтандыру тәуекелінің артуына тең мөлшерде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге. Тәуекелдің артуы деп келесілер түсініледі: су көлігіндегі өзгеріс (жөндеу, қайта құрылымдау), Сақтанушының қызметі түрінің өзгеруі, су көлігінің

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 22-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

техникалық жағдайының өзгеруі, су көлігінің жүру бағытының өзгеруі, су көлігінің иесінің (меншік иесінің) өзгеруі. Сақтанушы Сақтандыру шартын өзгертуге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болған жағдайда Сақтандыру шарты Сақтандырушының шығындарын ұстап қалу арқылы бұзылуы мүмкін;

15) Сақтандыру шартында қарастырылған негіздер бойынша сақтандыру төлемін төлеуден бас тартуға;
 16) Сақтанушының әділетсіз іс-қимылдарының белгілері анықталған (айқындалған) кезде Сақтанушыға (Пайда алушыға) сақтандыру төлемін төлеуді уақытша тоқтату туралы хабарлама жіберіп, уақытша тоқтатқан күннің ертесі күнінен бастап тиісті тексеріс жүргізу туралы көрсетіп, Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңына сәйкес сақтандыру төлемін 30 (отыз) күнтізбелік күнге дейін уақытша тоқтатуға.

12.4. Сақтандырушы міндетті:

- 1) Сақтанушыны Сақтандыру ережесімен таныстыруға, Сақтанушыға сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге және Сақтанушының талабы бойынша Ереженің көшірмесін беруге (жіберуге);
- 2) кемені сақтандыруға қабылдау туралы оң шешім қабылдаған жағдайда, Сақтанушымен Сақтандыру шартын (сақтандыру полисін) рәсімдеуге;
- 3) сақтандыру жағдайының нәтижесінде зақымданған кемені, Сақтанушының жазбаша өтінішін алғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тексеруге;
- 4) егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімде сақтандыру төлемін төлеу туралы немесе сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдауға және тиісті сақтандыру актісін бекітуге;
- 5) басталған оқиғаны сақтандыру жағдайы деп таныған кезде Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімдерде, мөлшерде және тәртіпте Пайда алушыға сақтандыру төлемін төлеуге;
- 6) қажет жағдайларда сақтандыру актісін әзірлеу кезінде залалдардың себептерін, көлемін және кеменің құнын айқындау үшін мамандарды (сарапшыларды) шақыруға;
- 7) сақтандыру төлемін төлеуден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде, Сақтанушыға ол жөнінде жазбаша түрде, бас тартудың уәжді негіздерін көрсетіп, Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған мерзімде хабарлауға;
- 8) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін жұмсаған шығындарды оған өтеуге;
- 9) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге.

12.5. Пайда алушы құқылы:

- 1) Сақтандырушыдан сақтандыру шарттарын, Сақтандыру шарты бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін түсіндіруді;
- 2) Сақтандыру шартын жасау кезінде және оның қолданыс кезеңінде осы сақтандыру объектісіне қатысты ұқсас тәуекелдер бойынша барлық қолданыстағы/жасалған Сақтандыру шарттары туралы Сақтандырушыға ақпарат беруге;
- 3) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін төлеу туралы талап қоюға;
- 4) Сақтандыру шартында қарастырылған тәртіпте және шарттармен сақтандыру төлемін алуға;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Сақтандырушының сақтандыру төлемін төлеуден немесе оның мөлшерін азайтудан бас тартуы туралы шағым білдіруге;
- 6) Сақтандыру шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді жасауға.

12.6. Сақтандыру шартында Сақтандырушының, Сақтанушының, Пайда алушының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа да құқықтары мен міндеттері қарастырылуы мүмкін.

13. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫН ТОҚТАТУ ШАРТТАРЫ

13.1. Сақтандыру шарты келесідей жағдайларды тоқтатылады:

- 1) Сақтандыру шартының қолданыс мерзімінің аяқталуына байланысты;
- 2) сақтандыру төлемін сақтандыру сомасы мөлшерінде төлеген жағдайда;

3) сақтандыру тәуекелінің дәрежесі артқан жағдайда сақтанушы Сақтандыру шартының талаптарын өзгертуге және/немесе қосымша сыйлықақы төлеуге келіспеген жағдайда.

4) сақтандыру сыйлықақысын немесе кезекті сақтандыру жарнасын төлеуді кешіктірген жағдайда.

13.2. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген міндеттемелерді тоқтатудың жалпы негіздемелерінен басқа, Сақтандыру шарты төмендегідей жағдайларды мерзімінен бұрын тоқтатылады:

1) сақтандыру объектісі жойылған жағдайда;

2) сақтанушы мүлктік сақтандыру объектісін адалаған жағдайда, егер сақтандырушы сақтанушыны ауыстыруға қарсы болса, ал Сақтандыру шартында басқа шарттар көзделмеген болса;

3) сақтандыру жағдайының басталу ықтималы жойылған болса және сақтандыру жағдайынан басқа жағдаяттар бойынша сақтандыру тәуекелі тоқтаған болса;

4) сақтандырушыны мәжбүрлі тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайда.

13.3. Егер Сақтандыру шартында басқалай көзделмеген болса, Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Сақтандырушы келесілерге құқылы:

1) істі жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, өзінің шығыстарын сақтандыру сыйлықақысы сомасының 25% -ы мөлшерінде өтеуді;

2) сақтандыру қорғанысының қолданыс уақытына тең мөлшердегі сақтандыру сыйлықақысының бөлігіне.

13.4. Сақтанушы Сақтандыру шартынан бас тартқан жағдайда, егер бас тарту 13.3-тармақта көрсетілген жағдаяттарға байланысты болмаса, сақтандырушыға төленген сақтандыру сыйлықақысы немесе сақтандыру жарналары сақтанушыға кері қайтарылмайды.

13.5. Сақтанушы – жеке тұлға Сақтандыру шартын жасаған күннен бастап 14 (он төрт) күнтізбелік күн ішінде одан бас тартқан жағдайда Сақтандырушы алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең мөлшерде сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын Сақтандыру шартын бұзуға байланысты шығыстарды шегере отырып, Сақтанушыға-жеке тұлғаға қайтаруға міндетті.

13.6. Қарыз шарты бойынша қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерін оның (қарыз алушының) орындауы себебінен қарыз шартына байланысты Сақтандыру шартынан Сақтанушы – жеке тұлға бас тартқан жағдайда, Сақтандырушы Сақтанушыға – жеке тұлғаға сақтандыру қолданыста болған уақытқа тең сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) бөлігін және Сақтандыру шартына байланысты алған сақтандыру сыйлықақысының (сақтандыру жарналарының) 10 (Он) пайызын құрайтын шығыстарды шегере отырып, алған сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарналарын) қайтаруға міндетті.

13.7. Егер Сақтандыру шарты Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылса, онда сақтанушы осы Ереженің 13.3. тармағының талаптарын ескере отырып, келесідей мөлшерлерде сақтандыру сыйлықақысының бөлігін қайтарып алуға құқылы:

Сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап оны мерзімінен бұрын тоқтатқанға дейінгі мерзім	Сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшері (жылдық сақтандыру сыйлықақысының %-ымен)
15 күнге дейін	15,0
16 күннен 1 айға дейін	20,0
1 айдан 2 айға дейін	30,0
2 айдан 3 айға дейін	40,0
3 айдан 4 айға дейін	50,0
4 айдан 5 айға дейін	60,0
5 айдан 6 айға дейін	70,0
6 айдан 7 айға дейін	75,0
7 айдан 8 айға дейін	80,0
8 айдан 9 айға дейін	85,0

9 айдан 10 айға дейін	90,0
10 айдан 11 айға дейін	95,0
11 айдан астам уақыт	100,0

13.8. Сақтанушы Сақтандыру шартын ықтимал бұзу күнінен 30 (Отыз) күнтізбелік күн бұрын міндетті түрде Сақтандырушыға хабарлап, сондай шешімнің себептерін көрсете отырып, кез келген уақытта Сақтандыру шартынан бас тартуға құқылы.

13.9. Егер Сақтандыру шарты оны жаңа мерзімге қайта жасау арқылы мерзімінен бұрын бұзылып жатса, Сақтандырушы өзіне келген шығындарды есепке ала отырып, сақтандыру сыйлықақысының мөлшерін қайта есептеуге және бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының қалдығын жаңа Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының есебіне жазуға құқылы. Бұл ретте, Сақтанушы сақтандыру сыйлықақысын бұрынғы Сақтандыру шарты бойынша сома қалдығын шегере отырып төлейді.

13.10. Сақтандыру шартында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін Сақтандыру шартын бұзудың басқа негіздемелері мен шарттары да қарастырылуы мүмкін.

13.11. Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзудың барлық жағдайларында Сақтанушы қолданысы Сақтанушының Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзу туралы жазбаша өтініші келіп түскен және/немесе Сақтанушы (Сақтандырылушы) заңнамада және осы Ережеде көзделген өз міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы Сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап тоқтатылатын Сақтандыру шартын (полисті) Сақтандырушыға қайтаруға міндетті.

13.12. Сақтандыру шартын тоқтату үшін негіз ретінде қарастырылған мән-жайлар туындаған сәттен бастап Сақтандыру шарты тоқтаған болып саналады, ол жөнінде мүдделі Тарап екінші тарапқа шұғыл түрде хабарлайды.

13.13. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтанушының, Сақтандырылушының Сақтандыру шартының талаптарын орындамауына негізделіп, Сақтандырушының талабы бойынша Сақтандыру шартын мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде, төленіп қойған сақтандыру сыйлықақысы (сақтандыру жарналары) кері қайтарылмайды.

14. КЕРІ ТАЛАП ҚОЮ ҚҰҚЫҒЫ

14.1. Сақтанушының залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға кері талап қою құқығы Сақтандыру келісімшарты бойынша сақтандыру төлемін төлеген Сақтандырушыға сол соманың шеңберінде өтеді. Сақтанушы сақтандыру төлемін алған кезде өзіндегі сол талаптың құқығын іске асыру үшін қажет құжаттарды сақтандырушыға беруге міндетті.

14.2. Сақтанушы жоғарыда көрсетілген тұлғаға кінәрат қоюдан немесе оған талабын іске асыруды қамтамасыз ететін құқықтардан бас тартқан кезде, сондай-ақ Сақтандырушыға кері талап қою үшін қажет құжаттарды беруден бас тартқан кезде Сақтандырушы залал келтірген тұлғадан кері талап тәртібінде өндіріп алуы мүмкін сақтандыру төлемінің бөлігін төлеуден азат етіледі.

14.3. Сақтанушы сақтандыру төлемі көлемінен асатын залал келтіргені үшін жауапты тұлғаға талап ету құқығын азаматтық заңнамада белгіленген тәртіпте Сақтандырушыға шегінуге, сондай-ақ ол тұлғаға өзге талаптарды шегінуге құқылы.

14.4. Сақтандыру жағдайы басталғаннан кейін Сақтанушы Сақтандырушының келісімімен өзінің сақтандырылған кемеге құқықтарын Сақтандырушыға шегінуге және сақтандыру төлемін сақтандыру сомасының көлемінде алуға құқылы.

15. ЕКІ ЖАҚТЫ САҚТАНДЫРУ

15.1. Сақтанушы сақтандырылып жатқан тәуекелге қатысты басқа сақтандыру ұйымдарымен жасалған барлық сақтандыру келісімшарттары туралы Сақтандырушыға хабарлауы тиіс.

15.2. Екі жақты сақтандыру кезінде әр Сақтандырушы Сақтанушыға сақтандыру төлемін өзімен жасаған келісімшартқа сәйкес төлейді, алайда Сақтанушының барлық Сақтандырушылардан алатын сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы нақты залалдан аспауы тиіс.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 25-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

15.3. Келген залалды басқа Сақтандырушылардың өтеуіне байланысты сақтандыру төлемін төлеуден толығымен немесе ішінара азат етілген Сақтандырушы келген шығындарды алып тастап, сақтандыру сыйлықақысының тиісті бөлігін Сақтанушыға қайтаруға міндетті.

16. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

16.1. Осы Ережеде тікелей реттелмеген құқықтық қатынастарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормалары қолданылады.

16.2. Сақтандыру шартын іске асыру барысында туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер арқылы шешеді. Егер келіссөздер нәтижелі болмаса, даулар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, Сақтандырушы орналасқан жер бойынша Шарттық соттылыққа сәйкес шешіледі.

17. ҚОСЫМША ЕРЕЖЕЛЕР

17.1. Осы Ереженің шарттарымен жасалған Сақтандыру шартының ережелерін өзгерту немесе Сақтандыру шартына толықтырулар енгізу Сақтанушы мен Сақтандырушының өзара келісімі бойынша енгізіледі. Сақтандыру шартында өзгертулер енгізу үшін Пайда алушының міндетті түрде келісімін алу қажеттілігі де қарастырылуы мүмкін. Сақтандыру шартына енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, қосымша келісім арқылы рәсімделеді. Егер келісімде басқалай айтылмаған болса, өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізілген Сақтандыру шарты екі Тарап та қосымша келісімге қол қойған сәттен бастап күшіне енеді.

17.2. Сақтандырушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы мен Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясы арасында сәйкессіздіктер болған жағдайда Тараптардың келісімімен Сақтандырушы Сақтанушыдағы Сақтандыру шартының редакциясын қабылдауға құқылы.

17.3. Сақтандыру шартына өзгертулер мен толықтырулар келесідей жағдайларда енгізіледі:

- 1) Сақтанушыны, Сақтандырылушыны, Пайда алушыны, сақтандыру объектісін ауыстырған кезде;
- 2) сақтандыру тәуекелінің дәрежесін өзгерткен кезде;
- 3) Сақтандыру шарты бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттерін өзгерткен кезде;
- 4) сақтандыру талаптары мен Сақтандыру шартының ережелерін өзгерткен кезде.

17.4. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқалай белгіленбеген болса, бұл Ережеге өзгертулер мен толықтырулар жазбаша түрде, өзгертулер мен толықтыруларды Сақтандырушының Директорлар кеңесі міндетті түрде бекітуі арқылы енгізіледі.

17.5. Сақтандыру сыйлықақысын төлеу арқылы Сақтанушы келесілерді растайды:

- 1) Сақтандырушының уәкілетті органы әзірлеген және бекіткен, сақтандыру шартын жасаған/сақтандыру полисін электрондық түрде рәсімдеген күні қолданыста болған және vis.kz сайтында жарияланған Сақтандыру ережесімен өзінің келіскенін және танысқанын.
- 2) ол жүзеге асырып жатқан операция қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастырумен (жылыстатумен) және террористік қызметті қаржыландырумен, жаппай қыру қаруын таратумен және оны қаржыландырумен байланысты емес екенін.
- 3) Қазақстан Республикасының №94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңына сәйкес Сақтанушының, Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына, өңдеуіне, сақтауына және беруіне өз келісім бергенін, сондай-ақ Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісім бергенін:
 - а) Сақтандырушының «Мемлекеттік кредиттік бюро» Акционерлік қоғамынан (бұдан әрі – Бюро) деректерді алуға;
 - б) мемлекеттік деректер қоры иелерінің Бюроға Сақтанушы (сақтандырылушы, Пайда алушы) туралы ақпаратты тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;
 - в) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету бойынша қызмет атқаратын заңды тұлғаға Сақтанушы, Сақтандырылушы (Пайда алушы) туралы өзінде бар және келешекте келіп түсетін ақпаратты Бюроға және Бюро арқылы Сақтандырушыға беруге;
 - г) дербес деректерді шекара асырып беруге және дербес деректерді үшінші тұлғаларға беруге;

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 26-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

д) Сақтандырушының қызметі мақсатын жалпы іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 830-бабының 4-тармағына сәйкес Сақтандырушының сақтандыру құпиясын ашуына.

17.6. Сақтандырушы дербес деректерді сақтау мерзімін келешекте дербес деректерді сақтаудың қажеттілігі қалмағанша белгілейді. Дербес деректер Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның Шарттың/Полистің және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын орындау мақсатында, сондай-ақ Сақтандырушының жалпы қызмет мақсаттарын іске асыру үшін пайдаланылады.

17.7. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушыдан (Пайда алушыдан) жазбаша келісімін, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімін талап етуге міндетті.

17.8. Сақтанушы Сақтандырылушының (Пайда алушының дербес деректерін Сақтандырушының немесе үшінші тұлғаның жинауына және өңдеуіне Сақтандырылушының (Пайда алушының) келісімінің, оның ішінде Ереженің 17.5. тармақтың а)-д) тармақшаларында көрсетілген келісімінің болмағаны үшін жауапты болады.

17.9. Қажет жағдайда Сақтанушы Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған табыстарды заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдар жөніндегі заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында Сақтандырушы сұратқан барлық қажет құжаттарды беруге міндеттенеді.

Сілтеме. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылдың 27 желтоқсанындағы №88 «Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №198 «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының филиалдары үшін тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына (9.18-9.20 тармақтарға) өзгертулер мен толықтырулар енгізілген (2025 жылдың 1 сәуірінен бастап күшіне енеді).

Сондай-ақ Қағиданың 13.3. тармағының 1) тармақшасы өзгертілген.

 Виктория сақтандыру компаниясы страховая компания	Су көлігін ерікті сақтандыру ережесі	24.04.2024 жылғы редакция 13.03.2025 жылғы редакция	29 беттен 27-бет
--	--------------------------------------	--	---------------------

Су көлігін ерікті сақтандыру ережесіне
№1 Қосымша

1. «Жалпы апат бойынша сақтандырудан тыс жайттар» ескертпесі
1. Төменде көрсетілгендер жалпы апат болып танылмайды: 1) кемеден теңізге лақтырылған өздігінен өртену қаупі бар жүктің және сауда мақсатында теңізде жүзу ережелері мен дәстүріне сәйкес келмейтін жүктің құны; 2) өртеніп жатқан жүктің бөлігіне өртті сөндіру барысында келген залалдар; жүзу барысында су кедергілерінен өтуден немесе қозғалтқыштардың, басқа машиналардың немесе қазандықтардың өзге жұмысынан келген залалдар; 3) қабылдаған шараларға қарамастан, кемені қайырға отырғызуға алып келген мән-жайлар кезінде кемені әдейі қайырға отырғызудан келген залалдар. Бұл ретте, мұндай кемені қайырдан шығарудан келген шығындар жалпы апат деп саналады; 4) рейстің жүру ұзақтығын арттырудың салдарынан жүкке келген залалдар мен жоғалтулар (тұрып қалудан, бағалардың өзгеруінен және т.б. келген залалдар); 5) кемені құтқару бойынша қажет және дұрыс жасалған шығындар.
2. «Екі тараптың да кінәсінен соқтығысу» ескертпесі
1. Егер барлық соқтығысқан кемелердің кінәсінен соқтығысу жағдайы орын алған болса, онда әр тараптың жауапкершілігі олардың кінәсінің дәрежесіне тең айқындалады, әр тараптың кінәсінің дәрежесін белгілеу мүмкін болмаған жағдайда, тараптардың жауапкершілігі олардың арасында теңдей бөлінеді.
3. «Кеменің теңізде жүзуге мүмкінсіздігіне және жарамсыздығына байланысты сақтандырудан тыс жайттар» ескертпесі
1. Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шарты бойынша төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған кеменің опаты болуынан немесе зақымдануынан келген залалдар мен шығындар өтелмейді: а) кемені қауіпсіз пайдалану үшін оның теңізде жүзуге мүмкінсіздігі немесе оның жарамсыздығы; б) Сақтанушының немесе соның қызметкерлерінің кеменің теңізде жүзуге мүмкінсіздігіне (жарамсыздығына) мүдделі болуы. 2. Сонымен қатар, Егер Сақтанушы немесе оның қызметкерлері кеменің теңізде жүзуге мүмкінсіздігіне және жарамсыздығына алып келетін мән-жайлардың туындауына кінәлі болса, Сақтандырушы кеменің теңізде жүзгіштік кепілдігін және оның тағайындалған жерге жүкті жеткізуге жарамдылық кепілдігін бұзуының нәтижесінде туындаған залалдарды өтемейді.
4. «Соғыс себебі бойынша сақтандырудан тыс жайттар» ескертпесі
1. Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шарты бойынша төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған кеменің опат болуынан немесе зақымдануынан келген залалдар мен шығындар өтелмейді: 1) соғыс, азаматтық соғыс, революция, бүлік, көтеріліс немесе жоғарыда аталған оқиғалардың салдарынан немесе кез келген соғысып жатқан тараптың немесе соған қарсы тараптың қастық әкiсi салдарынан туындаған азаматтық тәртіпсіздіктер; 2) басып алу, қамауға алу, түрмеге отырғызу, күш көрсету арқылы ұстау (қарақшылықты

қоспағанда) және солардың салдары немесе кез келген қорқыту әрекеттері;
3) өзара әрекеттестігі сақтандыру объектісіне кездейсоқтық сипатта болатын кеменің миналармен, торпедалармен, бомбалармен және басқа әскери қару түрлерімен өзара әрекеттестігі.

5. «Ереуіл себебінен сақтандырудан тыс жайттар» ескертпесі

1. Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шарты бойынша төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған кеменің опат болуынан немесе зақымдануынан келген залалдар мен шығындар өтелмейді:

- 1) соғыс, азаматтық соғыс, революция, бүлік, көтеріліс немесе жоғарыда аталған оқиғалардың салдарынан немесе кез келген соғысып жатқан тараптың немесе соған қарсы тараптың қастық актісі салдарынан туындаған азаматтық тәртіпсіздіктер;
- 2) басып алу, қамауға алу, түрмеге отырғызу, күш көрсету арқылы ұстау (қарақшылықты қоспағанда) және солардың салдары немесе кез келген қорқыту әрекеттері;
- 3) өзара әрекеттестігі сақтандыру объектісіне кездейсоқтық сипатта болатын кеменің миналармен, торпедалармен, бомбалармен және басқа әскери қару түрлерімен өзара әрекеттестігі.

6. «Ереуіл себебінен сақтандырудан тыс жайттар» ескертпесі

1. Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шарты бойынша төменде көрсетілгендердің салдарынан орын алған кеменің опат болуынан немесе зақымдануынан келген залалдар мен шығындар өтелмейді:

- 1) ереуілдер, локауттар, еңбек тәртіпсіздіктері, бүлік немесе азаматтық соғыс және соларға қатысушылардың әрекеттері;
- 2) терроршылардың немесе саяси себептермен әрекет ететін басқа тұлғалардың әрекеттері.

7. «Сақтандырудан жалпы тыс жайттар» ескертпесі

1. Осы Ережеге сәйкес жасалатын Сақтандыру шарты бойынша төменде көрсетілгендердің салдарынан келген залалдар мен шығындар өтелмейді:

- 1) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті жұқтырудың әсері;
- 2) әскери іс-қимылдар, сондай-ақ маневрлар мен өзге де әскери іс-шаралар;
- 3) азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық тоқуы немесе ереуілдер;
- 4) сақтандырылған су көлігіне мемлекеттік органдардың өкімі бойынша тартып алу, тәркілеу, реквизициялау, тыйым салу немесе жою;
- 5) кеме жүзуге шыққанға дейін Сақтанушыға немесе оның өкіліне белгілі болған кеменің теңізде жүзе мүмкінсіздігі немесе жарамсыздығы;
- 6) кемені оның тағайындалуына арналған және/немесе сақтандыру шартында көрсетілген мақсаттар мен шарттарда пайдаланбау;
- 7) егер кемені пайдалану еңсерілмейтін күштер әрекетінен туындаған болмаса, кемені сақтандыру шартында келісілген пайдалану аумағынан тыс жерде пайдалану;
- 8) кеменің, оның бөлшектерінің, жабдықтарының немесе керек-жарақтарының ескіруі және шіруі, олардың тозуы;
- 9) Сақтанушының немесе Пайда алушының, немесе оның өкілінің хабары бола тура, бірақ Сақтандырушының хабары болмай, кемеге жарылысқа және өздігінен өртенуге қауіп бар заттар мен бұйымдарды тиеу;
- 10) кемені оның мұзда жүзу сыныбына қарастырылмаған шарттарда пайдалану;
- 11) кемені және экипажды ұстау бойынша шығындар;
- 12) кеменің конструктивтік-өндірістік ақаулары;
- 13) кемені қылмыстық әрекеттерді (есірткі, жалданбалы әскер, қару-жарақ тасымалдау) жасау үшін пайдалану;
- 14) Сақтандырушымен келісілген мерзім ішінде Сақтанушының тәуекел дәрежесінен едәуір асатын, олардың жою туралы Сақтандырушы Сақтанушыға көрсеткен, мән-жайларды жоймауы;
- 15) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының немесе сол органдардың лауазымды тұлғаларының заңға қайшы әрекеттері (әрекетсіздігі), оның ішінде

аталған органдардың және лауазымды тұлғалардың заңдарға немесе басқа құқықтық актілерге сәйкес келмейтін құжаттарды шығаруы.

2. Сонымен қатар, Сақтандырушы келесілерді өтемейді:

1) сақтандырылған кеменің қалдықтарын тазалауға, қоршаған табиғи ортаға, адамдардың денсаулығына және үшінші тұлғалардың мүлкіне залал келтіруге байланысты залалдар мен шығындар;

2) Сақтанушының жанама түрдегі залалдары.